

САЯСАТ



ЫҚПАЛДЫ ҰЙЫМДАР ДӘУІРІ:
Геоэкономикалық
реформадағы Қазақстан

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

№1
CHOICE
OF THE YEAR
2025

in Kazakhstan

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №15-16 (6694) 13 ақпан, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

АҚОРДА

15 НАУРЫЗ – РЕФЕРЕНДУМ

Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа қол қойды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Референдумда ел азаматтарының таңдауына ұсынылған жаңа Конституция жобасы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Президент қол қойған қаулының мазмұны төмендегідей:

- «Қазақстан Республикасы Конституцияның 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:
- 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізілсін.
 - Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы: «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылып, республикалық референдумға шығарылсын.
 - Осы Жарлық пен Конституцияның жобасы 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
 - Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
 - Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шаралар қабылдасын.
 - Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЭКОЛОГИЯ

ЖАСЫЛ ҚАЛА БОЛАШАҒЫ

Алматыда қатты және сұйық отынға шектеу енгізіледі

Шаһарда 2026 жылы 30 желтоқсаннан бастап қатты және сұйық отынды пайдалануға тыйым енгізіледі. Бұл туралы қалалық Экология және қоршаған орта басқармасының өкілдері мәслихаттың 2025 жылы 30 желтоқсандағы шешімімен бекітілген Алматы қаласының атмосфералық ауаны қорғау қағидаларына сілтеме жасап хабарлады.

Аталған талаптар қаланың газдандырылған аумақтарына қатысты Қағидалардың 52-тармағында көзделген. Құжатқа сәйкес, газға қосылу мүмкіндігі бар жеке тұрғын үйлерде, моншаларда және көппәтерлі үйлерді жылытатын жекелеген қазандықтарда қатты және сұйық отынды пайдалануға тыйым салынады.

Төтенше жағдай кезінде жылу және энергиямен жабдықтаудың резервтік көздерін пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл талаптар жылыту қазандықтарын пайдаланатын шаруашылық субъектілеріне де қолданылады. Шығарындылар көздері ластаушы заттарды тазарту қондырғыларымен міндетті түрде жабдықталуы тиіс. Сонымен қатар, арнайы техника, бензин және дизель генераторлары



да экологиялық талаптарға сәйкес болуы қажет. Осылайша шектеу тек моншаға ғана емес, газдандырылған аумақтарда орналасқан жеке тұрғын үйлерге де қатысты.

Айта кетейік, бүгінде Алматыдағы жеке сектордың газдандыру деңгейі шамамен 99,6%. Бұл үй иелерінің басым бөлігінде табиғи газға қосылуға техникалық мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

Дайындаған
Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІПЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

www.aqshamnews.kz



БАЙЫПТАМА

ЫҚПАЛДЫ ҰЙЫМДАР ДӘУІРІ:
Геоэкономикалық реформадағы Қазақстан

Қазақстан Орталық Азия елдері арасынан көпқырлы (көпвекторлы) сыртқы геосаясатын ұтымды түрде үдетті. Әрі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мінберіне де көтерілген-ді. Сонымен қатар, жаңа Қазақстан МАГАТЭ-нің бірегей сеніміне де ие болды. Бұл, әрине, G-GLOBAL жобасы ауанында ЕАЭО негізіндегі су жаңа геоэкономикалық мінбердегі ірі құлшыныстарының нәтижесі. Енді мінеки, әлемдік толқындар арасында өтпелі кезеңдерден өтіп келе жатқан еліміздің иерархиялық шебер жүйеленуін көріп отырымыз.

«Болашақ бүгіннен басталғандай...»

Қазақ елі енді шетелдік құнды қағаздар инвестициясына ұмтылу немесе FPI (Foreign Portfolio Investment), тағы да тікелей шетелдік инвестиция немесе FDI (Foreign Direct Investment) енгізу жолында тұр. Расында, болашақ – бүгіннен басталады... Бүгін дұрыс құрылса – болашақ бұрыс болмайды.

Келесі жылы G20 (Group of Twenty) 19 мемлекеті мен Еуропалық одақтан тұратын топтың саммиті – бұл әлемнің жетекші экономикалары бас қосатын халықаралық жоғары деңгейдегі форумға Дональд Трамп Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты және Өзбекстан Республикасының президенті Шавкат Мирзиёевпен бірге шақырды. Саммит барысында мемлекет басшылары жаһандық экономиканы дамыту, қаржы тұрақтылығы, халықаралық қауіпсіздік, климаттың өзгеруі, энергетика және өзге де өзекті мәселелерді талқылайды. АҚШ, Қытай, Ресей, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Канада, Жапония, Үндістан, Бразилия, Мексика, Аргентина, Австралия, Оңтүстік Корея, Индонезия, Түркия, Сауд Арабиясы, ОАР және Еуропалық одақ елдерінің серкелері бас қосатын ұлы жиын осы.

Сонымен бірге, АҚШ президенті хәм бүгінгі әлемдік геосаяси қойылымның режиссері Дональд Трамптың тікелей бастамасымен құрылуы әбден мүмкін «Әлемдік Бейбітшілік Кеңесі» Board of Peace (BoP) құрамына енуге ресми шақыру алды. Кеңес мүшелігінің уақыты – үш жыл. Ұйымның мақсаты – Таяу шығыстағы Газа бойынша дағдарыстарды шешуге жұмылады. Ресми шақыру алған елдер қатарында Үндістан, Пәкістан, Аргентина, Мажарстан, Түркия, Мысыр, Иордания, Катар, Италия және Франция, Германия, Біріккен Араб Әмірлігі сынды көптеген елдер бар.

Қалыптасқан геосаяси жүйе

1991 жылы бұрынғы СССР күйрегеннен кейін Еуропадағы бұрынғы 9 социалистік елдер хәм сонымен бірге Германияның (ГДР) тас қабырғасын сүйеп тұрған Варшава келісім ұйымы (Организация Варшавского договора 1955) бірге құлатылды. Есесіне, осындағы екі-үш ел ілешала НАТО-ны таңдады. Кавказ түгелдей Қырым түбегіне қарады

да, бірсыпыра елдер өздерінің таңдаған жолдарына түскен-ді. Осының соңындағы нәтиже бойынша Қазақстан секілді 15 республика өз туларын желбіретті. Әлемдегі елдер түгелімен коммунизм елесінен ептеп арыла бастады.

XXI ғасыр да геосаяси ахуалға еніп, өз әрекетімен бүгін де жанталасып жатыр. Мұны Кеңес Одағына қарасты елдердің шекара шебіндегі көрініс беріп жатқан түрлі оқиғалардан байқауға болады. Ресейдің Украинаға қарсы бағытталған «арнайы әскери әрекеті» және біз жоғары да атап өткендей, бұрынғы Кеңестік шеңберден шыққан елдердің НАТО-ға қарай ойысып бөлшектеніп кетулеріне барынша шектеу қоюы Еуро одағына (1993) қатысты геосаяси жағдаят.

АҚШ президенті Трамп билігінің тарапы бұны жуырда Еуропа қуат көздерінің дағдарысының бастауы деп ескерткен-ді. Оған қоса, ядролық қару-жарақтың күрт өсуі өрескел күшті геосаяси ахуалды өмірге әкелді. Дональд Трамп Иранның ядролық нысандарын жойғанын мақтан етеді. Бірақ та Иранның бүгінгі саяси жағдайы ең күрделі де күйзелісті күйге түскені анық байқалады. АҚШ президенті жер шарында тұтап жатқан жеті жердегі соғыс өртін түгел сөндіргенін айтады. Камбоджа мен Тайланд, Косова мен Сербия, Конго мен Руанда, Пәкістан мен Үндістан, Израиль мен Иран, Египет пен Эфиопия, Армения мен Әзербайжандағы қақтығыстарды сөндірген осы әккі геосаясатшының өзі секілді. Хош!

Шын мәнінде, АҚШ батыс Жер шарына түгел ықпалды геосаяси мақсаттағы ғаламдық қауіпсіздік ұйымдарды құрып келді. Мұнда Ұлттық қауіпсіздік Стратегиясы (NSC: National Security Strategy 1957) негізгі бастама ретінде алынған. Әуелгіден соң әлемге әйгілі ақша қатынастарына қарайтын Бреттон-Вудс жүйесі (Bretton Woods system 1944), Халықаралық Валюта қоры (International Monetary Fund 1944) (ХВҚ-IMF), Дүниежүзілік Банкі (World Bank 1945), Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (World Trade Organization 1995) (ДСҰ), Тарифтер сауда бойынша Бас келісім (General Agreement on Tariffs and Trade, GATT 1947), Атом қуаты халықаралық агенттігі (International Atomic Energy Agency 1957) (IAEA) немесе МАГАТЭ құрылды. Бұлардың барлығы әлемдік қатынастарды геосаяси тұрғыда



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

бұлжытпай ұстайтын АҚШ-тың геокұрылғылары болатын.

Тіптен, жуырда ғана Азия Тынық мұхит аумағы (ATMA) интеграциясы БРИКС-BRICS (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы – South Africa (OAP-ЮАР) қатарлы мүше елдердің құрамында бөлек банк, өзгеше валюта қорын жинақтау, ақпараттық қауіпсіздік, энергетикалық ірі әріптестік ауқымдарында жиі-жиі саммиттерді де ұйымдастырып келді.

Кіндік Азияда «5 стан» және біз

Әрине, әр елдің тұтастығы тәуелсіздігі өзіне қымбат. Американдық Washington Post газетінің журналисі, саясаткер Роберт Каган (Кейган Robert Kagan) Қазақстан – геосаяси геоэкономикалық аралық аймақ, көпвекторлы стратегиясына ие деп көреді. Оның сараптамасы бойынша Еуропа, Ресей, Қытаймен бір мезгілде ынтымақтасуы – мәжбүрлі прагматизм тепе-теңдікті сақтайтын мемлекет ретінде бағалайды... Орталық Азияның тәуелсіз қатарында Қазақстан дүние жүзіндегі Global Firepower рейтингісі бойынша 145 елдің 57-орыны әскери бөлімдерінің нақты саны, қорғанысқа бөлінетін қаржы, қаражат мөлшері, логистикасы, жағрафиясы және қазба байлықтарының көрсеткіштері жоғары бағаланған. Бұл рейтингілік бағалау жәй ғана «жаңа құдандалы жанашырлықпен» айта салған бос сөз емес. Қазақстанның әскери стратегиялық әлеуетін тек қана АҚШ-тың арнайы барлау ұйымдары ғана анықтап бере алады.

Сол тұрғыда Ресей мен Қытайдың геосаяси үдерісіне әзірге Орта Азиядағы «бес стан» маңызды. Осының ішіндегі Еуропалық одақтың ең ірі сауда серіктестігі Қазақстан, әрине. Қазақстан Кіндік Азия елдерінен әлемдік 50 экономикалық әлеуетті деңгейге шыққанын «Visual capialist» сайтындағы Халықаралық Валюта Қоры базасынан көруге болады. Сонымен қатар, ІЖӨ орташа өсім көр-

сеткіші бойынша алдағы 5-орынға көтерілуі де бұған дәлел.

Кіндік Азия (Central Asia) елдеріне арналған тең дәрежелі диалогқа негізделген ұжымдық Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) 1996 жылдан бері Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан қатарлы елдердің еншісіне тиесілі көп мәселелерді геосаяси жағына ерекше мән беруінің нәтижесін де сезініп келеді. Мысалы, бір ғана Түрікменстанның өзі Қытайға құятын газдың бірсыпыра көздеріне ие. Кіндік Азиядағы орасан мол энергетикалық қордың көптігі әлем елдерін қызықтыра түседі.

Елдің бүгінгі аяқ алысы

Биыл бұл көрсеткіш шамамен, 137 триллион теңге, яғни 291 миллиард доллар болады деп жоспарлануда. Еліміздің экономика өсімі 6 пайыздан асса, ішкі жалпы өнімі алғаш рет 300 миллиардты межелеп, жан басына шаққанда, 15 мың долларға жетті. Өткен жылы 26 миллион тонна астық жинады, 8.1 тонна бидай экспорттады. Шамамен, 4 мың шақырымға жуық жаңа автожол салынды. Келешекте 5 мың шақырым шойын жол жүйесі жоспарда тұр.

Елімізде білім саласы жаңарып келе жатқаны байқалады. Әлемдегі XXI ғасырдың ең тосын жаңалығы жасанды интеллектпен бірге өтпелі өзгерудің өткеліне келдік. Экономикалық өзгеріс те өте жылдамдықпен зымырап барады. Бұрынғы дәстүрлі миырт жүрісіміздің бүгінгі геоэкономикалық қарқынға ілесе алмайтыны, кешегі қимылымыздың ештеңе жарамайтыны белгілі болғандай. Алдағы уақытта қоғамдық ауанда неше есе жылдамдықпен жарысатын түріміз бар. Осыған ілесе білім беру үдерісі де қарқынды алға жылжып барады.

Күн санап бой көтерген құрылыстарға қажет жаңа технология, инженерлер, архитектура, мастер, жобалаушыдан бастап электрик, механик дәнекерші жүргізуші, машинистердің ке-

шенді қосыны және программист, IT мамандары, физик, химик, тау-кен, мұнай-газ өңдеушілер, ландшафтық мамандар мен жол-көпір транзиттік, аэродинамикалық және әскери жарақтарды жасаушы, жөндеушілер қатары мол болғанын қалар едік. Соңғы сәттердегі ауыл шарушылығына қарай жасалып жатқан икемді де шұғыл істерге кәсіби мамандар өте қажет. Осынау ұлан-ғайыр тың жерлердегі егістік, өрістік өлкелер мен жайылымдық жерлерді өзімізге ғана иемдендіру керек.

Бұл елдің өрлеп, өркендеуіне қарсы пиғылдағы жандар оны қандай бір елдің вассалы, шикізат алаңы деп іліп-шалып жүр және бұл сан аз да емес. Бұрынғы жұпыны да әсіреқызыл посткеңестік жүйені күшпен таңушылық, сәбеттік тәуелді аңсаушылық, бұрынғы бұратаналық ынжық саясатты көксеушілік, бұрынғы отаршылықтың темір қамытынан шығар алмаушылықтың жұғыны Әрине, әлі де осы зардаптың арыла қоймауын тура жоққа шығару да қиын. Халықтың түгелін тақырға отырғызып, ауыр тұрмыспен теперіштеп күйрету, шетелден келетін инвесторларды еншілеу, қарапайым ұлттық кәсіпкерлерді ең ауыр банктің кредитімен тұйыққа қамап, тұсап, ең жеңіл несиені төбел топтардың өздері ғана бөлісетін құрылымды түбірімен жоюды қолға алғаны жақсылықтың басы. Бұрнағы жүйеден жұрт әбден қажып, жалыққанын тәжірибелі дипломат ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өте жылдам аңғарды.

Жалпы, табиғи ресурстардың барлығы халықтың қалауымен, олардың дербес егелігіне қарай ауысуы күн тәртібінде тұр. Сондықтан да мемлекет халықтың бағзы бағына ғасырлар бойы сақталып келген, бабадан қалған байлық пен мұрасын, игілікке жарату үшін қызмет етпек. Әрі халықтың байлығын рәсуа етуге ешкімнің құқығы болмауы керек.

**Сұраған РАХМЕТҰЛЫ,
тарих ғылымының кандидаты.**



ӨСІМНЕН ДАМУҒА ДЕЙІН

Мегаполистің белсенді беталысы

**Алматы – Қазақ-
Астан экономика-
сының ең ірі әрі қарқын-
ды дамып келе жатқан
орталығы. Еліміздің
бұрынғы астанасы
бүгінде қаржы, сауда,
қызмет көрсету және
кәсіпкерлік салалары-
ның шоғырланған
мекеніне айналды.
Тұрғын саны
2 миллионнан асатын
мегаполисте жыл сайын
өсім артып, еңбек
ресурстары
жетілдіріліп келеді.**



Дана
САДЫРҚАН

Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары бойынша 2025 жылғы қаңтар-маусымда жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлемі қолданыстағы бағамен

₸13539215,3 млн 6,5%

АТАЛҒАН ҚҰРЫЛЫМДА:

тауарларды
өндіру



қызмет
көрсету



Азық-түлік
тауарлар



азық-түлік
емес тауарлар



ақылы
қызметтер



Өнеркәсіп өнімдерінің бағалары 2025 жылғы желтоқсанда былтырғы жылмен салыстырғанда

7,7%

2025 қаңтар-желтоқсанда
бөлшек сауда көлемі

₸8894780,5 млн 9,4%

Кетерме
сауда көлемі

₸19371094,1 млн

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Серпінді жаңа кезең

Тұрақты экономикалық өсім Алматының ұзақ мерзімді дамуының негізгі тірегіне айналып отыр. Бұл ретте назар ағымдағы көрсеткіштерге ғана емес, жаңа инвестициялық, өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық циклді қалыптастыруға аударылады.

Экономикалық өсім және оның құрылымы. 2025 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша Алматы қаласының қысқа мерзімді экономикалық индикаторы 11,4% болды. Экономикалық өсімнің негізгі драйверлері құрылыс саласы – бұл тиісінше сектордағы өсімнің 38,3%-ы. Сондай-ақ, көлік саласы 21,5%-ға, ал өңдеу өнеркәсібі 16,8%-ға артты.

Айта кету керек, жоғары қосылған құны бар және мультипликативті әсері жоғары салалар қалалық экономиканың анағұрлым тұрақты даму моделін қалыптастырады.

Индустрияландыруға дейінгі инвестициялар. 2025 жылы экономиканың жоғары өсімі инвестициялық белсенділіктің артуымен қатар жүрді. Қаңтар–қараша айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 1,9 трлн. теңгеге жетті. Жыл ішінде жалпы құны шамамен, 500 млрд. теңгені құрайтын 12 ірі инвестициялық жоба іске қосылды.

Аталған жобалардың қатарында Naval, Chery және Changan маркалы автокөліктер шығаратын мульти-брендті зауыт, автокөлік шиналарын қайта өңдеу, шыны ыдыс пен күн модульдерін өндіру кәсіпорындары бар. Бұл инвестициялар қаланың өнеркәсіптік әлеуетін күшейтіп, экономиканың жекелеген салаларға тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді.

Жаңа өнеркәсіптік цикл және экспорттық әлеует. Бүгінде Алматының Индустриялық аймағы мен «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағына инвесторлардың сұранысы артты. Осыған байланысты Индустриялық аймақтың аумағын 634 гектарға кеңейту, АЭА «ПИТ»-ті ұлғайту және салықтық жеңілдіктердің қолданылу мерзімін 2050 жылға дейін ұзарту жоспарлануда.

2026–2028 жылдар аралығында Алматыда жалпы құны 2,3 трлн. теңге болатын 165 инвестициялық жобаны іске асыру көзделген. Бұл іс-шаралар мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі серпін беріп, 2030 жылға қарай өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің экспортын 40%-ға арттырып, 7 млрд. АҚШ долларына жеткізуге мүмкіндік береді.

Экономиканың еселі саласы

Шағын және орта бизнес мегаполис экономикасының маңызды элементі болып қала береді. ШОБ қаланың жалпы өңірлік өнімінің шамамен, 60%-ын қалыптастырып, еңбекке жарамды халықтың 90%-ға жуығын, яғни 1 млн. -нан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.

Кәсіпкерліктің рөлін одан әрі күшейту мақсатында 2026 жылы жергілікті бюджеттен ШОБ-ты қолдауға

66 млрд. теңге бөліну жоспарланған еді. Бұл ағымдағы жылмен салыстырғанда, 30%-ға артық. Сонымен қатар, әкімнің бастамасымен және мәслихат депутаттарының қолдауымен арнайы салық режимі бойынша мөлшерлемесі 4%-дан 3%-ға дейін төмендетілді.

ШОБ-тың индустриялық дамуын ынталандыру мақсатында 2027 жылдың соңына дейін жалпы аумағы 226 мың шаршы метрден асатын 39 шағын өнеркәсіптік парк құру көзделіп отыр. Бұл жобалар шамамен, 4,8 мың жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Қаланың стратегиялық мақсаты – 2030 жылға қарай ШОБ-тың Алматы экономикасындағы үлесін 60%-дан 65%-ға дейін арттыру.

Бюджет және халық табысы

Экономикалық белсенділіктің артуы бюджеттік көрсеткіштерге де оң әсер етті. 2025 жылдың 11 айында Алматы қаласының жергілікті бюджетіне 1 трлн. 970 млрд. теңге түсіп, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 19,4%-ға көп.

Экономикалық даму жұмыспен қамту мен тұрғындардың табысының өсуімен қатар жүрді. 2025 жылы қалада 92 мың жұмыс орны құрылды, оның 87%-ы – тұрақты жұмыс орындары. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша орташа айлық жалақы 539 мың теңгеге жетіп, 14,5%-ға өсті.

Қала қозғалысы

Инвестициялық күн тәртібінің маңызды бөлігі көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталды. 2025 жылы Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысында көлік айрығы пайдалануға беріліп, Абай даңғылын ұзарту жобасы іске қосылды. Сонымен қатар, 35 шақырым жаңа жол салынды, 281 шақырым көше-жол желісіне орташа жөндеу жүргізілді.

Қоғамдық көлікті жаңғырту жұмыстары да жалғасуда. 2025 жылы 940 газбен жүретін автобус, оның ішінде 340 бірлік жеке тасымалдаушылар есебінен сатып алынды. Сондай-ақ, жеке компаниялар 153 электробус алды. Жолаушылар ағыны 33%-ға өсіп, тәулігіне 1,6 млн. транзакцияға жетті.

2026 жылы «Қалқаман» метро станциясын пайдалануға беру жоспарлануда, ал алдағы үш жылда бірінші желі «Барлық» базарына дейін ұзартылмақ. Сонымен қатар, метроның екінші және үшінші желілері жобаланып, БРТ бағыты дамытылып, үш жаңа автобус паркі мен қала мен қала маңын байланыстыратын көлік-тасымал тораптары салынатын болады.

Туризм – қосымша драйвер

Экономикалық өсімге туризм саласының дамуы да өз үлесін қосуда. CNN Travel нұсқасы бойынша Алматы 2025 жылы әлемдегі ең үздік 25 туристік бағыттың қатарына енді. Тоғыз айда қаланы 1,9 млн. турист аралады, оның ішінде 563 мың шетелдік қонақ бар. Туристік қызметтер көлемі 17,4 пайызға өсіп, 82,4 млрд. теңгеге жетті.

✓ СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бекнұр ҚИСЫҚОВ, экономист:

Ең алдымен, Алматы қаласына қатысты соңғы экономикалық көрсеткіштердің көңіл қуантатынын атап өткен жөн. 2025 жылғы баяндамалар мен сарапшылардың пікіріне сәйкес, қала экономикасының көлемі 1,5 трлн. теңгеден асып, тіпті 2-3 трлн. теңгеге дейін жетуі мүмкін. Бұл – өте ауқымды әрі маңызды көрсеткіш.

Аталған деректер Алматының тұрақты түрде өсіп келе жатқанын дәлелдейді. Қала өңірлік хаб ретінде қалыптасып, жалпы ішкі өнім көлемі бойынша Қазақстан қалалары арасында ғана емес, Орталық Азия елдері деңгейінде де көш бастап отыр. Экономикалық өсім қарқыны да жоғары. Бұл ретте өңіріміздің жалпы ішкі өнімде емес, өңірлік жалпы өнімде екенін атап өткен жөн. Бүгінде Алматы қаласының өңірлік жалпы өнімі 2 трлн. теңгеден асты, бұл айтарлықтай жоғары өсімді көрсетеді.

Сонымен қатар, негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 1,5 трлн. теңгеге жетті. Тікелей инвестициялардан бөлек, көлемі шамамен, 1 трлн. теңгеге жуық жанама инвестициялар да бар. Құрылыс, логистика және сауда салалары Алматы экономикасының негізгі драйверлеріне айналып отыр.

Аталған деректер Алматының 2025 жылы қалпына келу кезеңінен өтіп, жаңа инвестициялық және өнеркәсіптік даму цикліне қадам басқанын көрсетеді. Дегенмен, экономикалық өсіммен қатар бірқатар мәселе де назардан тыс қалмауы тиіс. Тұрғын үй бағасының қымбаттауы, көлік жүктемесі мен экологиялық проблемалар қаланың тұрақты дамуына әсер ететіні белгілі.

Сондықтан алдағы уақытта «жасыл экономика», қоғамдық көлікті дамыту және ауқымды инвестициялар, инфрақұрылымдық жобалар мен шағын және орта бизнесті қолдау іс-шараларын көбейту қажет.





ТАЛАП ҚОЙЫЛДЫ, ТАПСЫРМА ЖҮКТЕЛДІ

Медеу ауданында алдағы жоспарлар талқыланды

Медеу ауданы әкімі аппаратының әлеуметтік сала бойынша 2025 жылы атқарған жұмыстарының есебі тыңдалып, 2026 жылға арналған жоспарлары жан-жақты талқыланды. Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев, білім бөлімі мен қоғамдық даму бөлімінің қызметкерлері қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Дана
САДЫРҚАН



Кездесу барысында қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов білім саласына басымдық беру қажеттігін атап өтті. Оның айтуынша, жекеменшік мектептерді мемлекеттік қаржыландыру мәселесіне нақты талаппен қарау керек.

– Ауданды оқушы орындарымен қамту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Мемлекет тарапынан қаржыландыру оқу-

шыларға нақты орын керек болған жағдайда ғана көрсетілуі тиіс, – деді ол. Сонымен қатар, Абзал Нүкенов Медеу ауданындағы мәдени нысандардың қызметін бақылауда ұстауды тапсырды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызына тоқталып, мәдени орындарда қазақ әні мен күйін кеңінен насихаттау, үлкен экрандардан отандық туындыларды көрсету қажеттігін айтты. Сондай-ақ, мешіттердің

жағдайы мен дін саласындағы ахуал да назардан тыс қалмауы керегі ескертілді.

Есептік мәліметтерге сәйкес, бүгінде Медеу ауданында 49 мектеп жұмыс істейді. Оның 29-ы – мемлекеттік, 20-сы – жекеменшік. Оқушылар саны 36 мыңға жеткен. Бұдан бөлек, ауданда 19 балабақша бар, оларда 7 мыңға жуық бүлдіршін тәрбиеленуде.

Мәдениет және спорт саласына бюд-

жеттен 200 миллион теңге бөлінген. Ауданда 41 мәдени нысан, спорт саласына қатысты 7 нысан және 66 ескерткіш бар. Денсаулық сақтау саласында барлығы 29 нысан тұрғындарға қызмет көрсетуде.

Алдағы жоспарларға тоқталсақ, аудан тұрғындары үшін Наурыз мейрамын кең көлемде атап өту көзделіп отыр. Сондай-ақ, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шара Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясында өтпек.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында ауданда 35 сенбілік ұйымдастырылып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 50-ге жуық іс-шара өткізілгені де айтылды.

2026 жылы жүзеге асырылатын жобалар қатарында жаңа әлеуметтік нысандардың ашылуы бар. Атап айтқанда, «GREENGARDEN» ЖШС, «Думан-2» ықшамауданында 320 орынды, №195 бөбекжай-балабақшасында 140 орынды және №112 бөбекжай-балабақшасында 290 орынды жаңа орындар ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету, кедергісіз орта қалыптастыру, әскерге шақыру жұмыстары да әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде назарға алынды.

МЕКТЕП КӨБЕЙІП ЖАТЫР

Алматы қаласында жаңа білім ошақтары ашылып, орын тапшылығы мәселесі кезек-кезеңмен шешіліп келеді. Шаһардың Медеу ауданында да жаңадан оқу орындары пайдалануға беріліп, қолданыстағы мектептердің жағдайын жақсарту мақсатында жұмыстар жалғасуда.



Рая
ЕСКЕНДІР

Соған қарамастан, аудан мектептерінде әлі де 4368 оқушы орнының тапшылығы байқалды. Өзекті мәселені шешу аудан әкімдігінің басты басымдықтарының бірі

болғандықтан, қазір қызу жұмыс жалғасып жатыр.

Соның нәтижесінде өткен жылы 2000 орынды №220 мектеп, 320 орынды НЗМ мектебіне жапсыра салынған құрылыс, сондай-ақ 599 орынды «Joo School Medeu» жеке мектебінің құрылысы аяқталды. Бұған қоса, 250 орынды №99 мектепке және 300 орынды №35 мектепке жапсарласа салынған ғимарат салу жұмысы аяқталды. Осылайша ауданға 3469 жаңа оқушы орны қосылған еді.

Дәл қазір аудан көлемінде тағы бес жобаны іске асыру жұмысы жүріп жатыр. Олардың қатарында №30, №56 және №17 мектептерін күрделі жөндеуден өткізу, 300 орынды №131 мектеп-лицейін және 1200 орынды «MG City» оқу кешенін салу көзделуде. Сонымен қатар, №168 және №47 мектептерде қосымша 300 орынға арналған ғимарат салу құжаты әзірленіп жатыр.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов шаһар тұрғындарымен кездесті. Кездесуде тұрғындардың түйткілді сұрақтарына жауап беріп, қала құрылысына қатысты мәселелер талқыланды. Басқосуға қала басшысының орынбасарымен қатар, Сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Сембаев пен Қалалық құрылыс бақылау басқармасы басшысының орынбасары Көкен Жарқынбеков те қатысты.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қала құрылысы, өз бетінше жүргізіліп жатқан кейбір құрылыс нысандарына қатысты өзекті мәселелер ортаға салды. Әсіресе, су қорғау аймақтарындағы құрылыс заңдылығы, халық тығыз орналасқан аудандарда құрылыс нормаларының сақталуы секілді жүйелі мәселелер көтерілді.

Кейбір тұрғындардың жаңа құрылыс

нысанына рұқсат беру бойынша талап-тілектеріне Бейбіт Шаханов тікелей өзі жауап берді. Ол өз сөзінде су қорғау белдеуіне орналасқан жер телімдерінде құрылыс нысандарына жол беруге болмайтынын жеткізді. Қолданыстағы Су кодексіне сәйкес, мұндай аумақта капиталды құрылыс жүргізуге қатаң тыйым салынғанын атап өтті.

Бұған қоса, «Қалқаман» шағынауданындағы Әшімов көшесіне қатысты шағым айтылды. Тұрғынның мәлімдеуінше, көршілес нысан салу кезінде бекітілген жобадан ауытқуларға жол берілген, бұл маңайдағы үйлердің тұрғындарына қолайсыздық туғызып отыр.

Бұл мәселе жөнінде Алматы қаласы сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Сембаев жауап берді. Ол мәселені жан-жақты зерделеу үшін сәулет қызметі мен құрылыс бақылау басқармасы бірлесіп, нысанға жедел комиссиялық тексеру жүргізуді жоспарлағандарын жеткізді.

Саланың жауапты тұлғалары өзге де өтініштерді назардан тыс қалдырмай, тұрғындардың талап-тілектерін де жан-жақты қарап, қатысты органдар заң аясында шешім қабылдайтынын айтты. Кездесуге қатысқан тұрғындар өз сұрақтарына толық әрі нақты жауап ала алды.



Алматыда инфрақұрылымға айрықша көңіл бөлінуде

Қалалық ортаны жаңғырту енді жерде тек сыртқы көріністі жақсартуға емес, инфрақұрылымның барлық құрамдас бөліктерін біртұтас жүйе ретінде дамытуды көздейді. Алдағы уақытта көшелер, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер мен инженерлік желілер кешенді қаралып, олардың өзара байланысы мен ұзақ мерзімді тиімділігі басты назарға алынады. Мұндай тәсіл қаланың қолайлы, қауіпсіз және функционалды ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ұзақ мерзімдік нәтиже

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Алмасхан Сматлаев өткен аптада Орталық коммуникациялар алаңындағы брифингте қаланың дамуына қатысты пікір білдіріп, алдағы жоспарларын бөліскен болатын. Оның айтуынша, қаланы жаңарту – көшелерді, қоғамдық орындарды және инженерлік желілерді бірге қамтитын ауқымды, жүйелі жұмыс. Қаладағы мұндай өзгерістер уақытша қолайсыздық тудыруы мүмкін. Бірақ бұл – сапалы әрі ұзақ мерзімге қызмет ететін нәтиже үшін қажет кезең.

Бағдарлама тұтас көзқарас қағидатына негізделген. Яғни бір аумақта бір мезетте кеңістіктің қолайлылығы, қауіпсіздігі, қозғалысқа ыңғайлылығы және көгалдандыру мәселелері қатар шешіледі. Мұндай тәсіл бөлшектенген шешімдер мен бір нысанды қайта-қайта жөндеудің алдын алуға мүмкіндік береді.

Алмасхан Сматлаев қала саналы түрде жекелеген көріктендіруден бас тартып, ұзақ мерзімге бағытталған жүйелі шешімдерге көшкенін атап өтті: «Біз бытыраңқы жобалар тәжірибесінен бас тарттық. Ендігі міндет – қалалық ортаның бірыңғай стандарттарын бірден қалыптастыру. Бұл өзгерістердің ұзақ жыл бойы тиімді қызмет етуіне мүмкіндік береді», – деді ол.

Сонымен қатар, жобаларды жоспарлау барысында көлік ағыны, құрылыс тығыздығы және маңайдағы тұрғындардың мүддесі ескерілетіні айтылды. Жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізіліп, мерзімі мен сапасына салалық басқармалар мен аудан әкімдіктері тұрақты бақылау жасайды.

Бағдаршам тәртібі өзгереді

Алматыда көлік жүктемесі жоғары бірқатар ірі қиылыста бағдаршамдардың жұмыс тәртібі өзгертіліп жатыр. Қала билігі бұл шара жол қозғалысын оңтайландырып, апат қаупін азайтуға мүмкіндік береді деп отыр.

Алматыда жүктемесі жоғары қиылыстарда қозғалыс сызбасын түзету бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Жоба аясында көлік пен жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам фазаларына өзгерістер енгізілуде. Бұл туралы Алматы қаласының Жол қозғалысын және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасының өкілдері мәлімдеді.

Қосымша фазалар мына қиылыстарда қарастырылған: Назарбаев даңғылы – Гоголь көшесі; Абылай хан даңғылы – Гоголь көшесі; Достық даңғылы – Абай даңғылы; Сейфуллин даңғылы – Мақатаев көшесі; Абай даңғылы – Алтынсарин даңғылы.

6 ақпанда пилоттық режимде Назарбаев даңғылы – Гоголь көшесі және Абылай хан даңғылы – Гоголь көшесі қиылыстарында жаңартылған қозғалыс сызбасы енгізілді. Қалған учаскелерде өзгерістерді 15 ақпанға дейін кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Мамандардың айтуынша, өзгерістер ең көп жүктеме түсетін қиылыстарда қозғалысты тиімді ұйымдастыру



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында қолға алынған. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге бағдаршам сигналдарын мұқият қадағалап, Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау ұсынылады.

Саябақ кешенді көріктендіруден өтеді

Сондай-ақ, Алматы қаласында қоғамдық кеңістіктер кешенді көріктендіру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Қалада саябақтарды, жағалауларды, көше мен қоғамдық кеңістіктерді жаңарту жұмыстары қалалық ортаның сапасына қойылатын бірыңғай стандарттарды қалыптастыру негізінде жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Негізгі жобалардың бірі ретінде Тұңғыш Президент саябағын кешенді көріктендіру жоспарланған. Сонымен қатар, Есентай өзенінің жағалауын, Баум тоғайын, Геологтар аллеясын, сондай-ақ «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша жүзеге асырылып жатқан көшелерді көріктендіру жұмыстары жалғасуда. Барлық жоба көріктендіру, көгалдандыру, жарықтандыру және кедергісіз орта қалыптастырудың бірыңғай стандарттарын ескере отырып іске асырылады.

Электр көлігін дамыту

Баспасөз жиынында қалалық электр көлігін дамыту мәселесі де сөз болды. Алматы қаласы әкімінің орынбасары троллейбус желісін жоюға қатысты ешқандай жоспар жоқ екенін жеткізе отырып, керісінше экологиялық таза көлік жүйесін тіпті де дамыту көзделгенін айтты. Соңғы жылдары оны дамытуға айтарлықтай қаржы салынған. Айталық, инфрақұрылым жаңартылып, жылжымалы құрам жаңғыртылған.

Қаладағы экологиялық ахуалды ескере отырып, троллейбус жүйесін одан әрі дамыту, оның ішінде пайдалану тиімділігін арттыру, инфрақұрылымды жаңарту және заманауи технологиялық шешімдерді енгізу мәселелері қарастырылып отыр.

«Біздің міндет – тиімді жұмыс істеп тұрған шешімдерден бас тарту емес, оларды қаланың және тұрғындардың ұзақ мерзімді мүддесіне сай дамыту», – деді әкім орынбасары.

АВТОБУС ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Алматыда қоғамдық көлікке арналған Avtobys цифрлық жолақы төлеу жүйесін кезең-кезеңімен енгізу басталады. Бұл – Қазақстан мен Қырғызстанның 24 қаласында already жұмыс істеп тұрған, қоғамдық көлікке арналған заманауи шешім. Жүйені отандық Innoforce технологиялық холдингі әзірлеген және Алматыда қалалық көлік жүйесін цифрлық басқаруға көшу аясында енгізіліп жатыр. Бұл туралы Алматы қаласының жол қозғалысын ұйымдастыру және жолаушылар көлігі басқармасының өкілдері айтты.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Avtobys жолаушыларға жолақы төлеудің ыңғайлы тәсіл түрлерін ұсынады. Қала тұрғындары мен қонақтары сапар ақысын банк картасымен, көлік картасымен, сондай-ақ Apple Pay және Google Pay арқылы төлей алады. Сонымен қатар, Avtobys мобильді қосымшасы арқылы QR-кодпен, Bluetooth, NFC немесе көлік нөмірі бойынша, сондай-ақ банк пен ұялы байланыс операторларының қосымшасы арқылы төлем жасау мүмкіндігі бар. Бұл қосымша әрекетсіз, үйреншікті әрі жылдам төлем әдісін таңдауға мүмкіндік береді. Жеңілдік санатындағы жолаушылар үшін Avtobys мобильді қосымшасында тарифті онлайн рәсімдеу қарастырылған. Бұл кеңсеге бару мен қағаз құжаттарды рәсімдеуді қажет етпейді, соның арқасында қызмет барынша ыңғайлы әрі қолжетімді болады.

Жүйе енгізілген қалалардың тәжірибесі көлікті цифрландыру жолаушылардың жайлылығын арттырып қана қоймай, бүкіл саланың тиімділігін күшейтетінін көрсетіп отыр. Сапар санын есепке алу ашық бола түседі, билетсіз жүру азаяды, бақылау мен маршруттық желіні жоспарлау жеңілдейді. Тасымалдаушылар үшін бұл тұрақты экономикалық модель, ал қала үшін нақты деректерге негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігі.

Avtobys төлем құралы ғана емес, сонымен қатар тасымалдарды басқаруға арналған кешенді цифрлық платформа. Жолаушылар қоғамдық көліктің қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылап, бағытын ыңғайлы жоспарлай алады. Ал тасымалдаушылар мен бақылау-тексеру қызметі есептің дәлдігін арттырып, тіркелмеген сапар санын азайтатын цифрлық құралдарды пайдаланады. Диспетчерлік қызмет әр маршрут бойынша нақты жағдайды көріп отырады, ал қала жолаушылар саны, желі жүктемесі мен субсидиялау қажеттілігі жөнінде толық аналитикалық мәлімет алады.

Жүйенің басты артықшылықтарының бірі – қаржылық операциялардың ашықтығы. Цифрлық есеп қоғамдық көліктің нақты жұмысын объективті түрде көрсетуге және есептік көрсеткіштерге емес, нақты сапарларға негізделген субсидиялау моделін құруға мүмкіндік береді. Жүйені пайдалану үшін жолаушыларға Google Play немесе App Store дүкендерінен Avtobys қосымшасын орнатып, телефон нөмірі арқылы тіркеліп, смарт-эмиянды толтыру жеткілікті. Барлық негізгі функция бір қосымшада шоғырланған, сервис орталықтарына барудың қажеті жоқ.

Алматыда Avtobys жүйесін енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асады. Алғашқы кезеңде жүйе маршруттардың жекелеген бөлігінде іске қосылып, кейін бүкіл қалалық қоғамдық көлікке біртіндеп енгізіледі. Мұндай тәсіл сервисің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, тасымалдаушылардың бейімделуіне және жолаушылар үшін жайлы өтпелі кезеңге мүмкіндік береді.





МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

мәртебе ме, міндет пе?



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Шаһарымызда жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің қатысуымен маңызды ақпараттық-ағартушылық кездесу өтті. Жиында мемлекеттік аппараттың адамға бағдарланған сервистік моделін қалыптастыру, әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті орнықтыру мәселелері кеңінен қозғалды.



Дана
САДЫРҚАН

Кездесуді Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі, әкім аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетов жүргізді. Ол мемлекеттік қызметшінің тек лауазым иесі емес, қоғам алдындағы сенім өкілі екенін атап өтті.

– Бүгінде адамдардың цифрлық жеке деректерін сақтау қиын.

Сондықтан кез келген мемлекеттік қызметшіге артылатын жүк пен жүктелетін жауапкершіліктің салмағы ауыр. Әдеп кодексінің талаптарын сақтай алатын адам ғана міндетін адал атқара алады, – деді ол.

Кездесуде Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің басшысы Еркеболат Нұржігітов мемлекеттік қызметтің басты миссиясы – халыққа сапалы әрі әділ қызмет көрсету екенін атап өтті.

– Алматыда 4000-ға жуық мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Мемлекеттік аппарат ең алдымен азаматтардың сұранысына жедел жауап беретін, ашық

әрі әділ жүйе болуы тиіс. Әдеп нормаларын сақтау – бұл формальді талап емес, ол қоғам сенімінің негізі. Адамға бағытталған сервистік модель арқылы қолайлы жағдай туғызу маңызды. Мемлекеттік қызметкер үшін адалдық – басты қағида. Себебі, әділ шешім мен адал қызмет жұрт тағдырына әсер етеді. Заң мен тәртіп – мемлекеттік қызметшінің басты қағидасы, кәсіби борышы. Тәртіп бар жерде жүйелілік, жүйелілік бар жерде сапа болады, – деді департамент басшысы.

Сонымен қатар, Агенттік тарапынан атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шаралар туралы айтылды. Ерекше назар адамға бағдарланған сервистік мәдениетті қалыптастыруға аударылды.

Кездесуге арнайы шақырылған мемлекеттік қызмет ардагері, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Бақтияр Камалұлы рухани-мәдени құндылықтар тақырыбын қозғады. Оның пікірінше, қоғамдық мәдениет, үлкенге құрмет, отбасылық тәрбие мен ұлттық салт-дәстүр мемлекеттік қызметшінің тұлғалық болмысына тікелей әсер етеді.

– Мемлекеттік қызмет – бұл тек кәсіби міндет емес, ол – мінез бен ұстаным. Қоғамға үлгі болу – әр қызметшінің парызы, ал мәдениет – қызмет ету этикасы. Президент атап өткендей, дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Адамның мәдениеті заңға, мемлекеттік институттарға деген көзқарасынан анық көрінеді. Жаһандану жағдайында үлкенге құрмет, кішіге ізет, жауапкершілік, ел мен жерге деген сүйіспеншілік – ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі, – деді ардагер.

Алматы қаласы әкімдігінің Кәсіпкерлік және инвестициялар, Дін істері, Туризм, Қоғамдық кеңістіктерді дамыту, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармалары қатысқан басқосу барысында қатысушылар пікір алмасып, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, ашықтық пен жауапкершілікті күшейту, қоғам сенімін нығайту жолдарын талқылады. Сондай-ақ, қызметкерлер Ауыл шаруашылығы министрлігі және Алматы қаласы Экология департаментінің қызметіне қатысты сауалдарын жолдады.

Бүгінде мемлекеттік қызметтің басты өлшемі – халық сенімі. Ал сенім – адалдық пен кәсібиліктің, әдеп пен ашықтықтың нәтижесі. Алматыда өткен бұл кездесу осы құндылықтарды тағы бір мәрте еске салған мазмұнды алаң болды.

БАСТЫ ҚҰЖАТ – ЖАСТАРДЫҢ НАЗАРЫНДА

Алматыда Конституцияның жаңа жобасы аясындағы қоғамдық талқы әлі де жалғасуда. Күні кеше ғана Наурызбай ауданының комьюнити-орталығында басты құжат жобасын талқылауға арналған диалог алаңы ұйымдастырылды.

Бұл реткі қоғамдық талқы мүлде өзгеше форматта өтті. Іс-шара барысында жастар Конституция тақырыбында өз ой-пікірлерін арнайы параққа жазып, оны ортақ тақтаға ілді. Жазбада Қазақстан Республикасының Конституциясының қоғамдағы рөлі, жастардың құқықтары мен міндеттері, заң үстемдігі мен азаматтық жауапкершілік туралы жеке көзқарастары көрініс тапты. Кездесу интерактивті және пікірталас форматында болды.

– Мақсатымыз – жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, құқықтық мәдениетін дамыту, жастардың Конституция туралы құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтық ұстанымын қалыптастыру, заң үстемдігі мен жауапкершілік қағидаттарын түсіндіру, сондай-ақ жас

тар арасында ашық пікір алмасу мен белсенді азаматтық қатысуды дамыту, – деді Наурызбай ауданы комьюнити-орталығының жетекшісі.

Іс-шараға жастар ұйымдарының өкілдері, сарапшылар, комьюнити-орталық жетекшілері, қоғамдық ұйымдар мен медиа саласының өкілдері қатысты. Жиынға қатысқандардың бірі Айбек Берікболұлы жаңа Конституция жобасына қатысты пікір білдірді.

– Кездесу белсенді жастардың және студенттердің қатысуымен өтті. Биыл 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдум жайлы өз позициямыз бен көзқарасымызды білдірдік. Алматы қаласының жастары әрдайым науқандарға акцияларға белсенді қатысуға дайын. Жалпы, Конституция – ол ең алдымен мемлекеттің тірегі. Сондықтан заман ағымына сай оның толықтырылып, бекітілуі керек деп ойлаймын. Оның ішіндегі жаңа Конституция жобасында цифрлық қауіпсіздік тармағының қосылуын құптаймын. Цифрлық қауіпсіздік осы кезге дейінгі заңда мүлдем белгіленбеген еді. Енді заң аясында осы бағытта адамның құқықтары нақты бекітілді, – деді ол.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

СӨЗ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Медиа қауымдастық жаңа
Конституция жобасын қолдады

Қазақстан Республикасы Бас редакторлар клубының ұйымдастыруымен «Конституциялық реформа – 2026: сөз бостандығы, ақпарат үшін жауапкершілік және жеке деректерді қорғау» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараға «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің мүшелері, жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, медиа саласының сарапшылары мен ардагер журналистер қатысты.

«Дөңгелек үстел» барысында 2026 жылғы конституциялық реформаның негізгі бағыттары, сөз бостандығының қазіргі мазмұны, ақпарат таратудағы жауапкершілік, жала мен ар-намыс мәселелері жан-жақты талқыланды. Қатысушылар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ цифрлық кеңістіктегі жаңа қауіп-қатерлерге құқықтық жауап беру қажеттігін атап өтті.

Жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М.С.Башимов, «Қазақстан» РТРК» АҚ төрағасы Е.Бұрахан, «Хабар» агенттігі АҚ төрағасы К.Б.Ойшыбаев, «Qazcontent» АҚ төрағасы А.Задабек және басқа да сала өкілдері баяндама жасап, медиа кеңістіктің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

Жарыссөзде Алматы қаласы, Алматы облысы, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстарынан онлайн форматта қатысқан журналистер мен медиа басшылар жаңа Конституция жобасына қатысты пікірлері мен ұсыныстарын жеткізді. Алматы қаласындағы медиа майталмандары мен басшылары әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-да жиналып, «дөңгелек үстелге» онлайн форматта қатысты, әрі өз пікірлерін ұсынды.

Іс-шара қорытындысы бойынша «дөңгелек үстелдің» резолюциясы қабылданды. Құжатта конституциялық реформаның негізгі бағыттары бойынша медиа қауымдастықтың ұстанымы мен ұсыныстары жүйеленіп, сөз бостандығын, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігін және ақпарат алу мен тарату құқығын Конституцияда берік бекіту қажеттігі атап өтілді.

Резолюцияда сөз бостандығы мен ақпарат таратудағы жауапкершілік, азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделі арасындағы құқықтық тепе-теңдікті сақтау конституциялық деңгейде нақты айқындалуы тиіс екені көрсетілді. Сондай-ақ, резолюцияда ақпарат таратудағы жауапкершілік, жеке өмірге қол сұқпаушылық және адамның қадір-қасиетін сақтау қазіргі ақпараттық және цифрлық дәуірдің басты конституциялық құндылықтарының бірі ретінде танылып, бұл бағыттағы нормаларды халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерді ескере отырып нақтылау ұсынылды.

Іс-шара барысында журналистік қауымдастық жаңа Конституция жобасын одан әрі қоғамдық және сараптамалық талқылауға белсенді қатысуға дайын екенін білдірді.

Қабылданған резолюция Қазақстан Республикасы Бас редакторлар клубының 2026 жылғы 9 ақпанда өткен «дөңгелек үстелінің» қорытынды ұстанымын білдіреді және уәкілетті мемлекеттік органдар мен мүдделі тараптарға ұсыныс сипатында жолданатын болады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ЖАҢА ДРАЙВЕР

Мегаполисте тың экономикалық бағыт нығайып келеді

Сағат тілі алға жылжыған сайын Алматы қаласы Қазақстандағы креативті индустрияның негізгі орталығына айналып келеді. Дизайн, кино, музыка, IT, медиа, сән, сәулет, жарнама және ойын индустриясы секілді салалар мегаполистің экономикалық құрылымында барған сайын маңызды орын алып отыр. Бұл бағыт тек мәдени дамуға емес, қаланың экономикасына да нақты үлес қосуда.



Дана
САДЫРҚАН

Креативті индустрияларды дамыту – Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Президент өз Жолдауларында креативті экономиканы ірілендіріп, оны ұлттық экономиканың толыққанды бөлігіне айналдырудың маңызын бірнеше рет атап өтті.

Елімізде креативті индустрия саласы 12 негізгі бағыт пен 43 экономикалық қызмет түрін қамтиды. Салада тіркелген субъектілер саны 45 597-ге жеткен, олардың басым бөлігі Алматы мен Астана қалаларында шоғырланған. Ең көп шағын және орта бизнес халықтық қолөнер саласында тіркелген. Әсіресе, IT, сәулет, сән индустриясы, мәдени-демалыс мекемелері, кітапханалар мен музейлер, сондай-ақ халықтық қолөнер ең көп еңбек ресурстарын қамтып отырған бағыттар саналады. Алматыда креативті секторда жұмыс істейтін кәсіпкерлер мен мамандардың басым бөлігі – 18–35 жас аралығындағы жастар. Бұл өз кезегінде қаладағы стартап экожүйенің, еркін шығармашылық ортаның қалыптасуына тікелей әсер етуде.

Қолдау тетіктері

Қалада креативті индустрияны дамытуға бағытталған бірқатар жүйелі қадам жасалуда. Арт-кеңістіктер, коворкинг орталықтар, хабтар мен шығармашылық алаңдар саны артып келеді. Мұндай орталарда жас кәсіпкерлер мен авторлар өз идеяларын іске асырып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, мемлекеттік және қалалық бағдарламалар аясында гранттар, акселерациялық жобалар, білім беру курстары іске асырылуда. Бұл – креативті кәсіп иелеріне қаржылық және институционалдық қолдау көрсетудің маңызды тетігі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бауыржан МАХАМБЕТ, Әуезов ауданы комьюнити-орталығының жетекшісі:

Кәсіби дамуға жол ашамыз

Креативті индустрияның дамуы үшін инфрақұрылым, қолдау және орта қажет. Сондықтан осы үш бағытта комьюнити-орталықтар маңызды рөл атқарады.

Біз идеясы бар жастарды, мамандарды, менторларды бір ортаға тоғыстырамыз. Орталық тек іс-шара өтетін орын емес, ол – нетворкинг, тәжірибе алмасу, жаңа жобалардың шығу нүктесі. Қазір негізгі сұраныс – кәсіби даму мен монетизация мүмкіндіктері. Яғни жастар тек үйренуді емес, алған білімін табыс көзіне айналдыру жолдарын іздейді. Сонымен қатар, сапалы менторлық, практикалық форматтағы шеберлік сабақтары және коллаборация алаңдарына сұраныс жоғары. Біздің орталықта шығармашылық бағыт айқын басымдыққа ие. Жастар вокалмен айналысып, авторлық әндер жазып, музыка шығарып, сахналық қойылымдарға қатысуға үлкен қызығушылық танытады. Талантты жастарға өз өнерін көрсетуге, шығармашылығын шыңдауға және сахналық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береміз. Шығармашылық – жастардың өзін-өзі танытуының, ішкі әлеуетін ашудың және мәдени орта қалыптастырудың маңызды құралы деп есептейміз.



Айта кететін жайт, креативті индустриялардың маңызы 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына енгізілуімен айқындалды. Саланы қолдау аясында заңнамалық және институционалдық тетіктер жетілдіріліп, инфрақұрылымды дамыту мен креативті өнімдер экспортын арттыруға басымдық берілуде.

Алматыда New Vision Forum 2025 халықаралық форумы аясында креативті экономиканы дамыту мақсатында қалалық тікелей инвестициялар қоры іске қосылды.

Қор кино, дизайн, цифрлық контент және ойын индустриясы сияқты салалардағы жобаларды қаржыландырып, шығармашылық бизнесті қолдауға бағытталады. Тікелей инвестициялар қорының құрылуы туралы келісімге Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы, Freedom Holding Corp және VPE Capital Fund Management Limited қол қойды.

Creative Capital Fund қорының мақсаты – ерекшеліктерді ескере отырып, креативті индустриялар саласында кәсіпкерлікті дамы-

ту және Алматыда шоғырланған шығармашылық экономика субъектілерін қолдау.

Креативті экономиканы дамыту мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігі арнайы қолдау шараларын іске қосты. Атап айтқанда, креативті қызметтің 40 түрі ресми реестрге енгізіліп, сала үшін жеңілдетілген салық режимі белгіленді. Нәтижесінде креативті индустриядағы тіркелген субъектілер мен жұмыспен қамтылғандар саны 15%-ға артты.

Имидж қалыптастырады

Креативті индустрия Алматының имиджін қалыптастыруда да ерекше рөл атқарады. Музыкалық фестивальдер, кино-көрсетілімдер, көрмелер, street art жобалар мен дизайнерлік жәрмеңкелер қала туризмін жандандырып, Алматыны заманауи әрі тартымды мегаполис ретінде танытуда. Шығармашылық өнімдер арқылы қала өзін тек іскерлік орталық емес, мәдени-интеллектуалдық хаб ретінде де көрсетіп отыр. Бұл – халықаралық инвесторлар мен туристер үшін де маңызды фактор.

Мегаполисте медиа және кино өндірісі, дизайн мен сән индустриясы, ақпараттық технологиялар, жарнама мен маркетинг, мәдени туризм бағыттары қарқынды дамып келеді. Мәселен, Қазақстандағы киноөнімнің басым бөлігі Алматыда түсіріледі. «MOST», «SmArt.Point», «Almaty Creative Hub» сияқты креативті кеңістіктер жастардың кәсіпкерлік және шығармашылық бастамаларын қолдайды. «Go Viral», «Almaty Film Festival» фестивальдері қаланың мәдени брендіне айналып отыр. Бұған қоса, Almaty Business Hub, Tech Garden, Astana Hub-тың өңірлік өкілдік экожүйелері жастардың стартаптарын, медиа және контент өндірісін дамытуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстанда креативті мамандарды даярлау жүйесі әлсіз, авторлық құқық пен интеллектуалды меншікті қорғау тетіктері толық қалыптаспаған, инвестиция тарту және қаржыландыру жүйесі жеткіліксіз. Дегенмен, бұл мәселелер өз кезегінде оң шешімін табатынына дау жоқ.

ТҮЙІН:

Креативті индустриялар арқылы бір халықтың мәдениеті мен дәстүрлері әлемге танылады, әрине, бұл өз кезегінде жаһандануға мүмкіндік ашады. Ал Алматының креативті индустриясы – экономиканың жаңа драйвері ғана емес, жастардың өзін-өзі дамытатын әрі шығармашылық және технологиялар тоғысқан алаң.

ШАБЫТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Қазір елімізде қаржының ерекше бағыты – креативті индустрияға жүйелі көңіл бөлініп келеді. Саланы дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Мемлекет басшысының да тікелей бақылауында. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Креативті индустрия экономикамызды өркендетуге тың серпін беретініне сенемін», – деп атап өткен болатын. Кейінгі бес жылдан бері Президент Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында креативті секторды ірілендіріп, оны экономиканың толыққанды бөлігіне айналдырудың маңызына бірнеше рет тоқталды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бүгінде Қазақстандағы креативті индустрия 12 бағытты және экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) кіретін 43 қызмет түрін қамтиды. Салада тіркелген субъектілердің жалпы саны – 45 597. Олардың басым бөлігі Алматы мен Астанада шоғырланған.

Қазіргі таңда креативті секторларда 143 600 адам еңбек етеді. Ең көп жұмыс орнын қалыптастырып отырған бағыт-

тар – IT саласы, сәулет өнері мен сән индустриясы, мәдени-демалыс мекемелері, кітапханалар мен музейлер, сондай-ақ халықтық қолөнер.

Жақында Алматыда креативті индустрия өкілдерімен кездесу өтті. Қала әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов креативті индустрия саласының өкілдерімен жұмыс кездесуін өткізіп, саланы дамытуға қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Басқосуға Мемлекеттік кірістер департаменті мен қалалық Туризм басқармасының өкілдері де қатысты. Кездесу барысында креативті индустрияны дамытуға бағыт-

талған қаланың стратегиялық жобалары таныстырылды. Сала өкілдері осы бағыттағы қалалық саясаттың негізгі бастамалары мен басымдықтарымен танысты.

Әсіресе, шығармашылық кәсіпкерлікті қолдау, инфрақұрылымды жетілдіру, салықтық және әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру мәселелеріне баса назар аударылды. Сонымен қатар, қатысушылар креативті сектордың дамуына кедергі келтіріп отырған негізгі түйткілдерді, мемлекеттік қолдау тетіктерін, сондай-ақ бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара ынтымақтастық форматтарын талқылады. Кәсіпкерлер тарапынан авторлық құқықты қорғау, жеңілдетілген қаржыландыру құралдарына қолжетімділік және халықаралық нарыққа шығу мәселелері көтерілді. Креативті индустрия Алматыны дамыту бағдарламасы аясында экономиканы әртараптандырудың және заманауи қалалық ортаны қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі ретінде айқындалған. Осы тұрғыда саланың қаладағы жалпы өңірлік өнімге қосатын үлесін

2030 жылға қарай кезең-кезеңімен 4 пайызға дейін арттыру жоспарлары қаралды. Бұл бағытта шығармашылық хабтар құру, коворкинг алаңдарын кеңейту, мәдени іс-шараларды қолдау және цифрлық платформаларды дамыту көзделіп отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, креативті индустрия ірі мегаполистердің экономикалық өсімінің негізгі драйверіне айналып отыр. Мысалы, Ұлыбританияда бұл сектор ел экономикасының қомақты бөлігін құрайды және миллиондаған адамды жұмыспен қамтиды. Оңтүстік Кореяда мәдени экспорт – музыка, кино және цифрлық контент – ұлттық брендтің ажырамас бөлігіне айналған. Берлин, Лондон, Сеул сынды қалаларда арнайы креативті кварталдар құрылып, салықтық жеңілдіктер мен инфрақұрылымдық қолдау арқылы шығармашылық кәсіпкерлікке қолайлы орта жасалған.

Сарапшылардың пікірінше, Алматы да осындай халықаралық тәжірибені ескерсе, Орталық Азиядағы креативті хабқа айналу әлеуетіне ие. Қаланың мәдени мұрасы, жас таланттардың көптігі және дамыған урбанистік ортасы бұл бағыттағы мүмкіндіктерді арттыра түседі.



КІТАП – КӨНІЛ КІЛТІ

ҚОҢЫР ҮННІН ҚҰЖАТЫ

Дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісованың жаңа кітаптары жарық көрді



Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымының кандидаты, профессор Сәуле Жанпейісованың «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі» және «Қазақтың ән-жыр дәстүрінің тарихы және орындаушылық өнері» атты кітаптарының таныстырылымы өтті.

**Рая
ЕСКЕНДІР**

Қазақтың дәстүрлі ән өнері – ғасырлар бойы қалыптасқан рухани кодымыздың

ең қастерлі қабаттарының бірі. Ұлттың болмысын, мінезін, дүниетанымын айқындайтын осы өнер түрі қай заманда да қоғамның рухани тірегі болып келді. Сондықтан дәстүрлі ән мұрасын жинақтау, ғылыми тұрғыдан жүйелеу және оны

бүгінгі ұрпақтың санасына жеткізу тек өнер адамдарының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті болса керек.

Дәл осы кезеңде дәстүрлі өнерге қатысты іргелі еңбектердің жарық көруі – уақыт талабынан туған заңды құбылыс.

Сахна саңлағы Сәуле Жанпейісова соңғы жылдары ғылыммен айналысып, руханияттың нағыз жанашыры екенін танытып жүр. Жаңа кітаптардың тұсаукесерін жүргізу тізгінін қолына алған Мамай Ахетов бұл бір адамның шығармашылық жемісі ғана емес, бірнеше буын өнерпаздың, ұстаздар мен шәкірттердің, зерттеушілердің ортақ еңбегінің нәтижесі екенін тілге тиек етті.

– Автор ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибесін, сахнада көргенін, шәкірт тәрбиелеу барысында түйгенін ғылыми оймен ұштастырып, жүйелі дүние ұсынып отыр. Бүгінде

еліміздің жоғары оқу орындарында дәстүрлі музыка мамандарын даярлау ісі қарқынды жүріп жатыр. Дегенмен, оқу-әдістемелік база әлі де толық қалыптасып болды деу қиын. Осы тұрғыдан алғанда, аталған кітаптар оқу үдерісіне дайын құрал ретінде еруге лайық, – деді әншінің ұстазы Қансейіт Әбдешұлы.

Ал белгілі қаламгер Қали Сәрсенбай «Ұлттың рухани ғұмыры әнімен өлшенеді. Әнін жоғалтқан халық – жадын жоғалтқан халық. Сондықтан Ғарифолла Құрманғалиев мектебін жүйелеп, қазақ ән-жыр дәстүрін терең талдаған бұл еңбектер жәй кітап деп емес, ұлттық құндылық деп қабылдауымыз керек», – деп бағасын берді.

Оқырманына жол тартқан екі кітаптың да сөзі салмақты, жүгі ауыр. Мәселен, «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі» атты жинақ қазақ музыка тарихындағы тұтас бір дәуірдің энциклопедиялық бейнесі деуге болады. Ғарифолла Құрманғалиев – жәй ғана атақты әнші емес, ұлттық орындаушылық мәдениеттің өлшемін қалыптастырған тұлға. Оның мектебі арқылы қазақ әнінің табиғи тынысы, сөз бен әуеннің жарасымы, домбыра сүйемелінің өзіндік мінезі сақталып қалды. Кітапта осы мектептің рухани негізі, көркемдік қағидалары, орындаушылық ерекшеліктері терең ашылған.

Еңбектің ең бір құнды қыры – дәстүрлі мұраны заманауи технологиямен ұштастыра білуі. Шәкірттер орындауындағы әндердің QR-код арқылы берілуі – қазақ өнертану тәжірибесіндегі тың жаңалық. Бұрынғы буын үшін әнді үйренудің жалғыз жолы – ұстазды тыңдау, жанында жүріп тәлім алу болса, ал мұнда бүгінгі цифрлық дәуірде сол тірі дәстүрдің үнін жаңа форматта жеткізу мүмкіндігі туғанын көрсеткен.

Бұл тәсіл жас орындаушылар үшін де, зерттеушілер үшін де аса пайдалы. Нота – әннің қаңқасы ғана, ал оның жаны – орындауда. Дыбыстық нұсқаны тікелей тыңдау арқылы әннің ішкі иірімін, сөздің салмағын, тыныстың өлшемін сезінуге болады. Демек, кітап тек оқылатын емес, тыңдалатын, тәжірибеде қолданылатын көпқырлы еңбекке айналған.

КӨРМЕ

ЯКУТ ӘДЭБИЕТИ – АЛМАТЫ ТӨРІНДЕ

Сапарғали Бегалин атындағы Орталық қалалық балалар кітапханасында якут авторларының балалар әдебиетіне арналған «Якутия мәдениетін таныту» атты кітап көрмесі ашылды. Іс-шара Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты Орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен Саха Республикасы Ұлттық кітапханасының ынтымақтастығы аясында ұйымдастырылды.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Көрменің ашылуына якут диаспорасының өкілдері, Алматы қаласындағы мектеп оқушылары, сондай-ақ



мәдени және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Оған якут жазушыларының балаларға арналған шығармалары үш тілде ұсынылды.

Ұйымдастырушылар якут әдебиеті мен мәдениетін кітап арқылы таныстыру, балалар әдебиеті негізінде мәдени байланыстарды нығайту және екі ел арасында кітап алмасуды мақсат етіп отыр.

Балаларға ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен театрландырылған қойылым ұсынылды. Сонымен қатар, якут халқының ұлттық мұрасы – «Олонхо» қаһармандық эпосынан үзінді оқылып, ұлттық музыкалық аспаптарда шығармалар орындалды. Іс-шара соңында ұйымдастырушылар балаларға Алматы хайуанаттар бағына билеттер берді.

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының орынбасары Ләззат Мұхтарқызының айтуынша, ынтымақтастық аясында өткен жылдың күзінде Алматы кітапханалары якут тарапына қазақ тіліндегі балалар әдебиетін сыйға тартқан.

«Енді бұл жолы Саха Республикасы тарапынан 40-тан астам түрлі форматтағы балалар кітабы Алматы кітапханаларының қорына табысталды. Көрме балаларды кітап арқылы өнерге, әдебиет пен мәдениетке баулуға бағытталды. Мұндай бастамалар екі халықтың рухани байланысын арттырып, ұлттық ертегілер мен батырлар жырын жас ұрпаққа насихаттауға мүмкіндік береді», – деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Виктория МИХАЙЛОВА, Ю.Столяров атындағы Оқу ісі ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері:

**Мәдени ынтымақтастық арта түседі**

Алматы қаласына арнайы сапармен келуімнің себебі – якут авторларының балалар әдебиетіне арналған кітап көрмесін ұйымдастыру және екі ел кітапханалары арасындағы мәдени байланысты одан әрі нығайту.

Былтыр Алматыдағы С.Бегалин атындағы Орталық қалалық балалар кітапханасы біздің Ұлттық кітапханаға қазақ тіліндегі балалар әдебиеті кітаптарын сыйға тартқан болатын. Біз сол құнды басылымдарды жыл басында оқырмандарымызға кеңінен таныстырып, арнайы таныстырылым өткіздік. Бұл біздің оқырмандар үшін үлкен рухани олжа болды. Бүгінгі көрме – сол игі қадамға берілген жауап әрі достық ниеттің жалғасы іспеттес. Біз өз тарапымыздан Саха (Якутия) Республикасында жарық көрген балалар әдебиетінің таңдаулы үлгілерін Алматыдағы Орталық қалалық балалар кітапханасына сыйға тарттық. Тек кітап алмасу емес, екі халықтың мәдениеті мен рухани мұрасын жас ұрпаққа таныстыруға бағытталған маңызды қадам дер едім.

Көрменің дәл осы күндері ұйымдастырылуының да өзіндік символдық мәні бар. Біздің республикамызда бүгін Ана тілі және жазу күніне сәйкес келеді. Сонымен қатар, 2026 жыл Саха Республикасында Мәдениет жылы болып жарияланған. Сондықтан Алматыда якут балалар әдебиетінің таныстырылымын өткізу – мәдени ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеретін айрықша іс-шара деп есептеймін.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



М.МАҚАТАЕВ – 95

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Мұзбалак МЕРЕЙТОЙЫ

Мұқағали поэзиясының рухани қуаты кеңінен дәріптелді

Алматыда қала әкімдігінің қолдауымен қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын әрі аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Мен – XXI ғасыр ұрпақтарының құрдасымын» атты әдеби-поэтикалық кездесу өтті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Маңызды мәдени іс-шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев, Мұқағали Мақатаевтың ұлы Жұлдыз Мақатаев және келіні Бақыткүл Айдарова, ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Бауыржан Жақып, Сәуле Досжан, Жарас Сәрсек, Бақыт Беделхан сынды белгілі жазушылар мен ақындар, публицисттер, ғалым-зерттеушілер, жастар, мектеп оқушылары мен поэзиясүйер қауым қатысты.

Іс-шара аясында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптармен

қатар ғылыми еңбектер, естеліктер мен басылымдар ұсынылған «Мұқағали – мәңгілік жырдың жұлдызы» атты бірегей кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қонақтарға Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылық жолы туралы арнайы бейнеролик көрсетілді.

Іс-шара барысында сөз сөйлеген Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Абзалиденұлы ақынның мерейтойымен құттықтады:

«Мұқағали Мақатаев деген кезде еске қазақ поэзиясы, қазақтың қара өлеңі келеді. Абайда қара ауыл бар, Махамбеттің қара ойы бар, Мұқағалидың Қарасазы бар, қазақтың қара шаңырағы бар, қара қазаны бар, қара домбырасы бар. Сондықтан да бүгін қара өлеңнің падишасы, қазақтың жарық жұлдызы Мұқағалидың 95 жылдығы құтты болсын!», – деді Данияр Абзалиденұлы.

Жиынға арнайы келген Қазақстан Жа-

зушылар одағының мүшесі, Мұқағали ақынның туыс інісі Мұхтархан Қалиұлы ақынға арнаған өлең жолдарын оқып, кітапхана қорына кітаптар сыйға тартты.

Дәстүрлі әнші, ҚР мәдениет қайраткері Еркін Шүкіман және әнші, домбырашы Нұржан Жанпейісовтің орындауында ақын сөзіне жазылған әндер шырқалды.

Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжінің студенттері ақынның шығармалары негізінде қойылған «Жас өмір, саған өкпем жоқ» атты сахналық қойылымын ұсынды.

Өз кезегінде ақынның ұлы Жұлдыз Мұқағалиұлы әулет атынан алғыс білдірді:

«Барша әулетіміздің атынан осындай ыстық ықылас пен шынайы құрмет көрсеткендері үшін алғыс айтамын. Қазақ халқы барда, жеріміз гүлденіп, еліміз аман тұрғанда Мұқағалидың рухы мен поэзиясы халықтың рухын көтеріп, әрқашан жасай бермек», – деді ол.

Қарасаз ауылы Албан Асан Барман-бекулы атындағы орта мектеп-гимназиясы мен М.Мақатаев атындағы №140 мектеп оқушылары ақын өлеңдерін жатқа оқу арқылы ұрпақтар сабақтастығын айқындап, әдеби іс-шараның шырайын аша түсті. Сонымен қатар, мектеп оқушыларына Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиевтің атынан Алғыс хаттар табысталды.

Кездесу соңында ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев және келіні Бақыткүл Айдарова қала әкімдігіне алғыс білдіріп, Мұқағали поэзиясы халықпен бірге мәңгі жасай беретін таусылмас қазына екеніне сенім білдірді.

Қала басшылығының бастамасымен жүзеге асқан бұл іс-шара Мұқағали Мақатаевтың рухына көрсетілген зор құрметтің белгісі болып, болашақта ақын мұрасын дәріптеу жалғасын табатыны сөзсіз.

«ЖАЗЫЛАР ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ТУРАЛЫ...»

№215 жалпы білім беретін мектепте ғасырлар өтсе де сөзі ескірмейтін, бейнесі ұмытылмайтын ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Жазылар естеліктер мен туралы...» атты тағылымды әдеби-сазды кеш өтті. Бұл іс-шара ұлы ақынның рухани мұрасын жас ұрпақ санасына сіңіруді, оқушылардың әдебиет пен өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шара аясында мектеп кітапханасы арнайы Мұқағали шығармашылығына арналған кітап көрмесін ұйымдастырып, ақынның әр жылдары жарық көрген жинақтары, күнделіктері, естеліктері, зерттеу еңбектері қойылды. Оқушылар да өздеріне ұнаған кітаптарды парақтап, көптеген жаңа деректерге қанықты.

Кешті мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бірлестігі ұйымдастырды. Ұстаздар қауымының бірнеше апта бойы дайындық жүргізіп, оқушылармен ақын шығармаларын терең зерделегені байқалды. Өйткені, іс-ша-



раны өткізу идеясын оқушылардың өздері ұсынған көрінеді. Тағы бір қуанарлығы, жас буын арасында Мұқағали жырларына қызығушылықтың ерекше артқаны болды.

Әдеби кеш ақынның өмір жолы мен шығармашылық әлемін таныстыратын деректі бейнероликпен ашылды. Үлкен экраннан Мұқағалидың балалық шағы өткен Қарасаз ауылы, Алматыдағы әдеби ортасы, қаламдастарымен түскен сирек суреттер көрсетілді. Бейнеролик ақынның тағдырлы ғұмыры мен поэзиясының қайнарын көрерменге әсерлі жеткізді.

Одан кейін сахна төріне шыққан оқушылар Мұқағалидың отты жырларын мәнерлеп оқыды. «Поэзия, менімен егіз бе едің?», «Үш бақытым», «Фаришаға», «Есіңе мені алғайсың» секілді өлеңдер залға жиналған көпшіліктің жүрегін тербетті. Әр оқушы ақын сөзін өз жүрегінен өткізіп, ерекше сезіммен жеткізуге тырысты. Кештің ең әсерлі сәттерінің бірі оқушылар дайындаған шағын театрландырылған қойылым болды. Жас актерлер Мұқағали өміріндегі маңызды кезеңдерді балалық шағын, студенттік жылдарын, шығармашылық ізденісін, отбасылық

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Жанар ОРАЗАЛИЕВА,
№215 мектеп басшысы:**

– Бүгінгі кеш арқылы балалардың бойына патриотизм мен сөз өнеріне деген құрметтің дәнін септік-ау деп ойлаймын. Өйткені, Мұқағали поэзиясы – тек әдеби мұра емес, өмір сүрудің, адам болудың үлкен мектебі. Сөз жоқ, Мақатаевтың жырлары жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырды. Мұндай кештер – ақын аманатының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуының айғағы. Оқушыларымыз ақын жырларын жүрекпен сезініп қайтты деген ойдамыз.

сәттерін сахна тілінде бейнеледі. Мұқағали шығармашылығының бір қыры, оның өлеңдерінің әнге сұранып тұрғаны, бұл ретте мектеп өнерпаздары ақын сөзіне жазылған белгілі әндерді орындап, кештің ажарын аша түсті. Домбыраның қоңыр үні, гитара сүйемелі, жас әншілердің таза дауысы залды ерекше атмосфераға бөледі.

Әсіресе, «Саржайлау», «Есіңе мені алғайсың», «Сенің көзің» әндері орындалғанда көрермендер қосыла шырқап, ақын мұрасының халық жүрегінде мәңгі екенін тағы бір дәлелдеді.



ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА

ЖҮЙЕЛІ ЖЕТІ ЖОБА

ерекше қажеттілігі бар және қолдауға зәру жандардың игілігі үшін

Алматыда әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарды қолдау жұмысы жүйелі түрде жалғасып келеді. Былтыр осы бағыттағы 7 негізгі жобаға 8,2 мыңнан астам адам қамтылып, оларға кешенді көмек көрсетіліп, қоғамға бейімделуіне жағдай жасалды.

Нақтырақ айтсақ, «Тәуелсіз өмір мектебі», «Жарқын өмір», «Жаңа өмір», «Isker Isi», Әлеуметтік интеграция орталығы, «Иппотерапия» және Мүгедектер арбасын жөндеу орталығы сынды жеті жоба сәтті жүзеге асырылып жатыр.

«Аталған жобалар ерекше қажеттілігі

бар адамдарға, өмірінде қиындық болып жатқан отбасылар мен балаларға қоғамға бейімделуге, мүмкіндігін жүзеге асыруға және тұрмыс деңгейін арттыруға нақты жағдай жасайды», – дейді Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері.

Жалпы, мегаполис халқының 16,3%-ы (шамамен, 375,8 мың адам) әлеуметтік осал санатқа жатады. Олардың қатарында зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар, көпбалалы отбасылар, жетім балалар, ардагерлер, тыл еңбеккерлері және басқа да санаттар бар. Енді осы жеті жобаға қысқаша тоқталып өтсек.

«Тәуелсіз өмір мектебі» жобасы қатысушыларына ішкі қорқынышын, үрейін жеңіп, өзіне деген сенімін арттыруға

көмектеседі. Мәселен, былтыр «Ақ бас-тау» пансионатында өткен курсқа әлеуметтік осал санаттағы 400-ге жуық адам қатысты.

«Жарқын өмір» бағдарламасы өмірінде қиындық болып жатқан жандардың жанынан табылып, қолдау көрсетіп, оларды мазалап жүрген күйзелісті еңсеруге және отбасылық қатынасты қалпына келтіруге бағытталған. Бұл жобаға 540 алматылық қатысқан.

«Жаңа өмір» жобасы тәуекел тобындағы балалы әйелдердің қоғамға бейімделуіне және тұрмыс деңгейін жақсартуға ықпал етеді. Өткен жылы бұл бағдарламаның игілігін 330 әйел-ана көріпті.

«Isker Isi» – осынау әлеуметтік жобалардың ішіндегі ең ауқымдысы. Бұл –

қарызы қордаланған, алданып қалған салымшылардың жұмыспен қамту мәселесін шешуге бағытталған, «Бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырылатын кешенді консультациялық қолдау. Былтыр бұл қызметті 6 мыңнан астам адам пайдаланған.

Әлеуметтік интеграция орталығының да көтеріп жүрген жүгі салмақты. Мұнда ерекше қажеттілігі бар адамдарға өнер, би, актерлік шеберлік, компьютерлік сауаттылық бойынша сабақтар өтіп, музыка студиялары арқылы олардың шығармашылық қабілеті ұшталып, психологиялық қолдау да көрсетіледі. Аталған орталық былтыр 240 адамға көмек көрсетті.

«Иппотерапия» жобасы ерекше қажеттілігі бар балалардың физикалық және психологиялық тұрғыда оңалуына, олардың қозғалыс үйлесімділігі мен әлеуметтік дағдысын дамытуға көмектеседі. Былтыр бұл бағдарламамен 50 бала қамтылды.

Мүгедектер арбасын жөндеу орталығы 600 пайдаланушыға тегін қызмет көрсеткен.



БРИФИНГ

ЕРТЕ КӨМЕК

Баланы жөргегінен бастап бақылауға алуға дайынбыз

Алматы қаласындағы Ерте араласу орталығы жұмысының басты бағыты – баланың дамуындағы қауіптерді ертерек анықтап, отбасын қолдау мен баланың әлеуметтік әрі білім беру ортасына тез кіргізіп кетуіне ықпал ету. Мұндай тәсіл балдырғанды алдағы білім беру науқанына бейімдеуге мүмкіндік береді.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Ерте араласу орталығының директоры Нұрзия Әлімбекова бүгінгі күнге дейін 167 бала мен олардың үй-ішіне көмек беріліп, барлығы 4717 қызмет көрсетілгенін атап өтті.

Спикердің айтуынша, әлеуметтік қызметтер орталығына жүгінген балалардың 82%-ы даму қаупі бар топқа жатады. Олардың 33%-ында қалыпты даму динамикасы байқалған, 21%-ы сүйемелдеуді аяқтап, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына баруға дайындалған. Жеке ерте көмек беретін бағдарламалар бойынша біраз жұмыс істеліп, даму динамикасына үзбей бақылау жасалады. Орталықта сөйлеу мен коммуникацияны дамыту, қимыл-қозғалыс, танымдық белсенділік, өз-өзіне қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру бойынша қызмет көрсетіліп, сондай-ақ ата-аналарға психологиялық кеңес беріп, балалардың әлеуметтенуіне барынша жағдай жасауға тырысады.

Алдағы уақытта қызметтер желісін кеңейту мен кадрлық әлеуетті ұлғайту жағы жоспарланып отырған көрінеді. Биылғы сәуір айына қарай орталықтағы мамандардың саны 26 адамға жетпек. Спикердің айтуынша, бала туа салысымен орталықтың қызметіне жүгінуге болады. Негізінен үш жасқа дейінгі балдырғандарды қабылдағанымен, кейде отбасы мен баланың қажеттілігіне қарай жеті жасқа дейін сүйемелдеуі мүмкін.

СПИКЕР СӨЗІ

Нұрзия
ӘЛІМБЕКОВА,
Алматы қаласы
Ерте араласу
орталығының
директоры:



Отбасымен бірігіп
жұмыс істейміз

Көмекке неғұрлым ерте жүгінсе, балаға көмектесу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Біздің орталық жұмысының маңызды ерекшелігі – медициналық диагноздың болуы міндетті емес. Егер баланың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысында ата-анасын алаңдатарлықтай бір жағдайлар болып жатса, ресми мамандардың алдына бармай-ақ, олар осы жерден-ақ керекті кеңес пен қолдау ала алады. Иә, кейде әке-шешесі бір нәрсенің дұрыс емес екенін іштей сезеді, соның өзі бізге жүгінуге жеткілікті.

Біздің орталықтағы қызмет дамытушы орталықтардағы сабақ пен медициналық көмектен өзгеше. Мұнда балаға ғана емес, ата-анасына да көңіл бөлінеді. Мамандар үлкендерге балаға керек нәрсені түсіндіріп, ақыл қосады. Сол ұсыныстарды күнделікті өмірге енгізуге көмектеседі. Бұл бір реттік сабақ емес, жүйелі түрде сүйемелдеу. Сондай-ақ, біз өз жұмысымызды отбасы мүшелерімен бірлесіп талқылап отырамыз. Қажет болған жағдайда көмек көрсету форматы түзетіліп, сүйемелдеу бала мен оның жақындарының сұранысына қарай өзгертілуі де мүмкін.

ИНКЛЮЗИЯ

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

Қозғалысы шектеулі жандар үшін қалалық инфрақұрылым мүмкіндігі бағаланды

Мегаполисте алғаш рет халықтың мүмкіндігі шектеулі тобы үшін қалалық инфрақұрылымның қолжетімділігін бағалайтын жүйелі әрі ауқымды талдау жүргізілді.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өкілдерінің мәліметінше, барлығы 34,1 мың нысан паспортталды. Оның ішінде 733 мемлекеттік (3%), 21,3 мың жеке сектор нысаны (62%), 9,4 мың көппәтерлі тұрғын үй (27%) және 2,7 мың қоғамдық көлік аялдамасы (8%) бар. Талдау нәтижелері 2030 жылға дейін нысандардың кемінде 75%-ын бейімдеуге негіз бар екенін көрсетті.

Үдерісті автоматтандыру мақсатында «АДО» АҚ-ның Ситуациялық орталығы әзірлеген «Сандық инклюзия. Нысан паспортының тіркелуі» мобильді панелі қолданылады. Бұл жүйе нысандарды паспорттау барысының барлық кезеңін нақты уақыт



режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Әкімнің инклюзия мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісімен бірлесіп, қолжетімді ортаны қамтамасыз етудің өңірлік қағидалары әзірленіп жатыр. Аталған қағидаларды қабылдау кедергісіз ортаның жүйелі дамуын қамтамасыз етіп, цифрлық құралдарды пайдалану арқылы жобалау-сметалық құжаттамаға және жаңа нысандарды пайдалануға беру үдерісіне бақылауды күшейтеді. Сондай-ақ, нысандарды жобалау, салу және пайдалану бойынша бірыңғай стандарт бекітеді.

Inva.gov.kz порталына қала бойынша 9,9 мыңнан астам нысан туралы мәлімет енгізілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша нысандардың 60%-ы бейімделді. Бұл жоспарланған көрсеткіштің 100%-ына сәйкес келеді. Ал биыл шамамен, 5,7 мың нысанды бейімдеу жоспарланып отыр.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.





БІЗДІҢ СҰХБАТ

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ –
ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Дамыған медициналық ғылымы мен клиникалық тәжірибесінің арқасында Алматы денсаулық сақтау саласындағы жетекші орталықтардың бірі саналады. Қалада ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған ірі ғылыми мекемелер шоғырланған. Солардың қатарында 94 жылдық тарихы бар Республикалық Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы ерекше орын алады. Балалар ауруларының көбеюі, заманауи емдеу әдістері, ғылыми зерттеулер мен кадр даярлау мәселелері жөнінде біз орталықтың басқарма төрағасы, профессор Абай ҚҰСАЙЫНОВПЕН сұхбаттасқан едік.



– Абай Зікірияұлы, жалпы балалар денсаулығы ел болашағының кепілі екенін жиі айтамыз. Қазір мемлекет деңгейінде осы салаға қандай көңіл бөлініп жатыр?

– Балалардың денсаулығы – ұлттың ертеңгі әлеуетін анықтайтын маңызды көрсеткіш. Мемлекет басшысы әлеуметтік саланы дамыту, ана мен баланы қорғау мәселесін үнемі назарда ұстап келеді. Осы бағытта «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы, Жол карталары мен «Әр азаматқа сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттің басым бөлігі әлеуметтік саланы қолдауға бағытталған. Бұл шаралар балалар мен нәрестелер өлімін азайтуға нақты ықпал етті.

– Ғасырға жуық тарихы бар клиниканың қалыптасу жолы мен қазіргі қызметі туралы қысқаша баяндап өтсеңіз...

– Мекеме 1932 жылы 28 қарашада Ана мен бала орталығы ретінде ашылды. 1940 жылдан бастап тек балаларға арналған ғылыми-клиникалық базаға айналды. Қазір мұнда 800-ден астам қызметкер еңбек етеді, оның ішінде 7 медицина ғылымының докторы, 24 ғылым кандидаты, 3 PhD докторы және 15 денсаулық сақтау магистрі бар. Мекемеде педиатриялық, хирургиялық, балалар онкологиясы мен гематологиясы бөлімдері жұмыс істейді. Сонымен қатар, 4 жан сақтау бөлімшесі, трансфузиология және аферез бөлімдері, заманауи зертханалар бар. Қазіргі таңда 285 төсек-орынмен қамтамасыз етілген.

– Қазіргі таңда балалар денсаулығында қандай мәселелер өзекті болып отыр? Орталыққа қандай аурулармен жиі түседі?

– Ауыр диагноздар жиі кездеседі. Көп жағдайда балалар туа біткен жүрек ақауы, даму кемістіктері, қан аурулары, қатерлі ісік, тыныс алу және ас қорыту органдарының патологиясымен келеді. Шала туған сәбилерге перинаталдық технологиялар, көз ауруларына лазерлік ем қолданылады.

Мәселен, 2025 жылы еліміздің барлық өңірінен 7360 бала қабылдадық. Оның ішінде 2300-ден астамы жаңа туған нәрестелер.



телер. Сол жылы 2300-ден астам хирургиялық операция жасалды. Нақтырақ айтсақ, қатерлі ісікке 418 операция, жүрек пен қан тамырлары ауруларына 401 операция, урологиялық сырқаттарға 700-ге жуық ота болды. Жыл сайын 150-ден астам нәрестеге ашық жүрекке алғашқы күндерінен операция жасалады.

Жалпы, орталықта 16 түрлі жоғары технологиялық қызмет көрсетіледі. 2025 жылы 130 пациент осындай ем алды. Жаңа әдістер қатарында лапароскопиялық Геллер кардиомиотомиясы, аортаның қос доғасын жою, сол жақ қарынша шығу жолының стенозын түзету, аорталық клапанды протездеу, лазерлі литотрипсия және уретра тарылуын лазермен емдеу тәсілдері бар.

– Күрделі диагноз қойылған кезде бұл клиникаға қалай жолдама алуға болады?

– Балалар клиникаға жоспарлы түрде «Емдеуге жатқызу бюросы» электронды порталы арқылы қабылданады. Өтініш әдетте 2-3 күнде қаралады. Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілгеннен бері ауруханаға жатқызу уақыты жеңілдетілген, портал үзіліссіз жұмыс істейді. Біз портал арқылы баланың тіркелген уақытын да, ахуалын да бақылап отырамыз. Егер баланың жағдайы ауыр болса, теле-

медицина ұйымдастырылып, қажет болған жағдайда санитариялық авиация арқылы жеткізіледі. Онкологиялық диагноз қойылған балалар кезексіз қабылданады. Өйткені, мұндай жағдайда уақыт жоғалтуға болмайды.

– Балалар онкологиясы мен гематологиясы бойынша қандай заманауи емдеу әдістері қолданылып жатыр?

– Бұл салада емдеу мен диагностика қарқынды дамуда. Соның ішінде гемопоэздің жасушаларын трансплантациялау белсенді енгізілуде. 2025 жылы Орталықта 58 трансплантация жасалып, 3000-нан астам бала ем алды.

Заманауи ПТР және ағынды цитофлуометрия әдістері ауруды ерте анықтап, ем нәтижесін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, күрделі хирургиялық оталар көбейіп келеді. Мысалы, сүйек ісіктеріне эндопротездеу, ретинобластома кезінде интраартериялық химиотерапия, бауыр ісігі бар нәрестелерге химиоэмболизация жасалды.

Бірнеше профильді бөлім, күндізгі стационар және толық диагностикалық зертханалар жұмыс істейді. 2025 жылы күндізгі бөлімде 413 бала ем алып, 1080 балаға кеңес берілді.

– Орталықты жас мамандар даярлайтын маңызды база деуге бола ма?

Ғылым мен білім бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Иә, ғылым мен білім – орталық дамуының негізгі тірегі. 2025 жылы 2 ғылыми-техникалық бағдарлама және шетелдік әріптестермен бірлескен 5 жоба жүзеге асырылды. Сирек кездесетін аурулар бойынша халықаралық зерттеулер жалғасып жатыр. Қызметкерлеріміз Scopus, Web of Science, Springer журналдарында 18 мақала, 6 әдістемелік ұсынымдар мен монографиялар жариялап, 4 авторлық құқық пен 3 патент алды. Аккредиттелген медициналық мекеме ретінде клиникалық зерттеулер жүргізіп, заманауи диагностикалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда 43 резидент педиатрия, балалар хирургиясы, балалар онкологиясы және гематологиясы бағыттары бойынша білім алуда. Өткен жылы 1876 медицина қызметкері біліктілігін арттырып, 13 халықаралық шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Ғылыми-практикалық конференцияларға 4500-ден астам маман қатысты.

Орталық еліміздегі педиатрия қызметін үйлестіретін жетекші мекеме саналады. Сол себепті, еліміздің 9 өңіріне әдістемелік жетекшілік жасап, ауыр халдегі балаларға тұрақты түрде көмек көрсетеді. Мәселен, 2025 жылы 1400-ге жуық телемедициналық және 2300 офлайн консультация өткіздік. Санавиация арқылы шұғыл операциялар жасалып, шалғай елдімекендердегі балаларға медициналық жәрдем бердік. Сонымен қатар, 12 өңірде 19 патронаждық бағдарлама іске асырылып, 70-тен астам пренаталдық консилиум ұйымдастырылды. Бұл шаралар нәресте өлімін азайтуға ықпал етті.

Балалар денсаулығын нығайтуға бағытталған жол карталары жаңартылып, материалдық-техникалық база жүйелі түрде жақсартылып жатыр. Былтыр 600 млн. теңгеге 700 медициналық техника сатып алынып, қабылдау және диагностика бөлімдері жаңартылды.

Мемлекет басшысы ана мен баланы қорғау мәселесін ел дамуының басты басымдықтарының бірі ретінде атап өткен. Осы бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда орталықтың атқарып отырған жұмысы ерекше маңызға ие. Сондықтан бұл мақсаттағы жұмысымызды жалғастыра береміз. Бүгінде мекеме ұлттық аккредитациядан өтіп, жоғары санатқа жетті. Алдағы уақытта халықаралық стандарттарға сай аккредитациялардан өту жоспарланып отыр.

– Балалар денсаулығын қорғау жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз. Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

СӘТТИ ОТА

31 МАГНИТ ЖҰТЫП ҚОЙҒАН
баланың өмірін сақтап қалды

Алматының Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында 31 магнит жұтып қойған сәбиге шұғыл ота жасалды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері айтты.

Қабылдау бөліміне 1 жас 9 айлық бала өте ауыр жағдайда жеткізілген. Тексеру нәтижесінде дәрігерлер «ішектегі бөгде заттар – 31 магнит, жіңішке ішектің көп тесілуі, жайылған нәжістік

перитонит» диагнозын қойды. Баланың өмірін сақтап қалудың жалғыз жолы – шұғыл хирургиялық ота жасау еді. Дәрігерлер ортаңғы лапаротомия жасап, құрсақ қуысы ағзаларына толық тексеру жүргізді. Ота барысында магниттер ішектен алынып, жіңішке ішектегі көптеген тесік тігілді, құрсақ қуысы тазартылып, дренаж орнатылды. Сонымен қатар, ішекке трансаналдық интубация жасалды.

Орталық хирургі Асқар Ризвановтың айтуынша, магниттердің басты қаупі – олардың ағзаға бөлек-бөлек түскенімен,

ішекте бір-біріне тартылып, ішек қабырғасын қысып қалуында.

– Магниттердің арасында ішек қабырғасы қысылады. Қан айналымы бұзылады, тіндер жансызданады, сөйтіп тесік пайда болады. Соның салдарынан санаулы сағаттардың ішінде перитонит дамуы мүмкін. Ата-аналар көбіне баланың жағдайы қаншалықты жылдам нашарлайтынын аңғармай қалады, – деді хирург.

Дәрігерлердің ескертуінше, тіпті бір магнит жұтқан жағдайда да дереу медициналық көмекке жүгіну қажет. Ал бірнеше магнит баланың өміріне тікелей қауіп



төндіреді. Мамандар ата-аналарды балалардың магнитті ойыншықтарға, магнит шариктерге және құрамында ұсақ магниттері бар заттарға қол

жеткізуін шектеуге, тұрмыста қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға шақырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»



ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

ӨМІРДЕН АЛЫНҒАН ӨНЕГЕ

Ұлттық тәрбиеге арналған кездесу өтті

Нұрлан
СҮЙІН

Сондай-ақ, балиғат жасына жеткен жастардың мамандық таңдауда, болашақ отбасын құруда жауапкершілік танытып, қателіктерге бой алдырмауы керектігін атап өтті. Кездесу барысында отбасылық тәрбие, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас, отбасы институтындағы ұлттық тәрбиенің маңызы кеңінен сөз болды. Қазақстанның Еңбек Ері, даңқты педагог

Аягүл Миразова өз сөзінде ұстаздық пен ата-аналық миссияның мәніне тоқталды. Ол жақсы мұғалім немесе жақсы ата-ана болудың қатаң қағидалары жоқ екенін, ең бастысы мейірімді жүрек пен жылы ниет қажет екенін айтты. Қоғамда қадірлі болудың да басты шарты адамның сөзі, ісі және көңілі ізгі болуы екенін жеткізді.

«Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакто-

ры, ақын Бауыржан Жақып өз өмір жолынан сыр шертіп, әжесінің бауырында өскенін айтты. Оның айтуынша, дәл сол ұлттық тәрбиенің негізі кейін ақын, ғалым әрі ұстаз болып қалыптасуына үлкен ықпал еткен. Кездесу соңында қаламгер университет кітапханасына өзінің бірқатар кітаптарын сыйға тартты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер Болат Әбділманов отбасы құндылықтары, әсіресе, әкенің отбасындағы рөлі жөнінде кеңінен әңгімеледі. Ол осы бағытта атқарып жүрген қоғамдық жұмыстары туралы да тоқталып өтті.

Сондай-ақ, сахнада Абай бейнесіне еніп, ақынның монологын орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Жазушы Сәуле Досжан мен әнші-актриса, «Алатау» театрының қызметкері Қарагөз Сүлейменова отбасы құндылықтары туралы тағылымды ойларымен бөлісті. Ал опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Бөкенов әсем әнімен кештің көркін аша түсті. Кездесуге қатысқан студенттер рухани әсер алып, отбасы құндылықтары жөнінде терең ой түйді.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

ҚАРАШАҢЫРАҚҚА
БАЙЛАНҒАН АМАНАТ

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Жақында TikTok платформасында анасын үйіне арқалап Жәкеле жатқан азаматтың әсерлі видеосы тарады. Кәрі шешенің аяғынан жүруі қиын, сондықтан арқалап алған. Ұлы анасын жотасынан ақырын ғана түсіріп, жұмсақ диванға отырғызып жатыр. Ал немересі құрақ ұшып, көрпе төсеп жүр. Сондай керемет көрініс!

бірінің артынан бірі қайтыс болып, қайғы жамылған жайымыз бар. Анам он екі құрсақ көтерген. Алты баласы сәби күнінде шетінеп кеткен. Тағдыр тауқыметін көп кешкен. Қырық жасында күйеуі (біздің әкеміз) қайтыс болып, бәрімізді жалғыз жеткізді. Анамның бронхысы бар, Алматының ауа райы жақпайды. Сонда да қолыма алып келдім. Алып кетуге барғанымда, сырқаттанып отырғанына да қарамай орнынан тұрып, балаша қуанып қалды. Егер мазасы болмай, күйі қашып жатса, онда туған жерге апарып, өзім бағуға дайынмын. Анам менің жұмысыма кедергі келтіргісі келмей, «әзірге Алматыға барып тұрып көрейін» деп шешті. Анамның айтқаны мен үшін бұйрық», – деп жазыпты видеосының астына әлеуметтік желі

қолданушысы. Иә, қазақта «Сүйегім ұлдың қолынан шықсын» деген сөз бар. Бұл – жәй сөз емес, бұл – қазақтың ұрпақ жалғастығы, жауапкершілік, аманат деген дүниетанымымен біте қайнасып жатқан отбасы құндылықтарының бірі. Бұл сөзді кейде үстірт түсініп, «ұлды ғана артық көрген» деп жататындар да табылады. Бірақ оның дәстүрлі мағынасы мүлде терең, яғни ұл – әулеттің жалғасы, әке-шешенің аманатын арқалаушы, отбасының соңғы жауапкершілігін алушы.

Қартайған ата-ана бұл сөзді айтқанда, «менің өмірімнің соңғы жолын өз қаным, өз түтінім, өз шаңырағымның иесі шығарып салсын» дегенді меңзеген. Қазақ ешқашан өлімнен үрікпейді, бірақ оған дайындықпен қарайды. Осынау жылы бейнежазбаға әлеуметтік желі қолданушылары көп пікір қалдырып, жақсы лебіз білдірген. «Сүйегім ұлдың қолынан шықсын» деген сөздің әлі де мағынасын жоғалтпағанына, қазақы қалыбымыздың бұзылмағанына қуаныштымыз.

«Сүйегім ұлдың
қолынан
шықсын...»

Қазына:

– Анашым жатып қалғанда, «Ұлдың үйіне апаршы, соңғы тілегім. Немерелерімді сағындым» деді. Екі-үш күнге ғана деп апарғанмын. Үш күндей болып, сол үйден шықты. «Рахмет қызым, он екі жыл қарадың, бақтың. Шаршадым (көп ауырды), әкеңе барайын. Бірақ әкетпеші мені, осы үйден шығаршы» деген тілегін орындадым.

Роза Ергешова:

– Апама «келіп қонып кетіңіз» десек, келсе де бір-екі сағат қана отыратын. «Ертең өліп қалсам, қызының үйінде өліпті деп айтады» деп мүлдем қонбайтын.

Гуля Сұлтанғалиева:

– Жаным анам, дәл осылай қолымда тұрған-ды. Ұлының келіншегі қайтыс болып, үш ер адам (бауырым, екі ұлымен) қарай алмайды ғой деп, басқа ағамның қолында, одан менің қолымда бір, бір жарым жылдай отырып, «Қой, еліме, қара шаңырағымға барайын. Күн суытса келем ғой» деп мені алдаусыратып, бұрын өзі отырған қара шаңыраққа барып, ұлы мен немерелерінің қолында екі апта болып, ауырмастан, тым жақсы шәйін ішіп отырып, бақұлдасып кете барған 91 жасында.

Әсел:

– Анашым есіме түсті. Ол да 5 ай 26 күн менің үйімде болды, аяғы сынып. «Сенің үйіңде өліп қалармын» деп ұлының үйіне кетіп, үш күннен соң қайтыс болды. Мына видеоға әлі жылап отырмын. Сізге рахмет!

Дана:

– Өзімнен кейінгі інім осыдан он жыл бұрын қайтыс болған. Тағы бір інім, ағам бар. Бірақ анам менің қолымнан шықты. Алып кеткін деп айта алмадым. Өздері біліп әкетпеді...

Ғалия:

– Рахмет, айналайын, анаңды құрметтегеніңе. Әрбір ана баласы үшін өмір сүреді ғой. Соны ұмытпай, бағалап, енді күш-қуаты тайғанда күткен парыз.

Жұмагүл Ғаниева:

– «Өз үйім – өлең төсегім» демекші, қыздардың үйіне қонаққа барып, қонбай қайтамын. Қонып қалып жатсам, асығып тұрамын үйіме қайтамын деп.

Жақсы болсын, жаман болсын, жалғыз ұлымның қолында, келінім, немерелеріммен тұрамын. Әдемі қартаюды нәсіп етсін!

Нұрдан:

– Анашым қыздарының үйіне барса, бір-екі күн ғана болатын. Маған «сенің қолыңнан шығайын» дейтін. Менің қолымда жаны шықты. Қара шаңырақта отырған інімнің үйінде жаназасы шықты.

Жанар Жарқынбекова:

– Бауырым, көріп бір жылап алдым. Әкем марқұм, «өлсем, өз үйімнен шығайын» деп қонбай кетуші еді.

Тойымгүл:

– Аналарымыздың ойлайтыны – ұрпағының абыройы. Мамамыз қонаққа келсе, үйіме кетейін деп меймандардан бұрын жиналып дайын отырады.

Зада:

– Ұлды осындайда сұрайды! Ниетіңізге жетіңіз!

Нұржамал
ӘЛІШ

Мәселенің мән-жайын TikTok-та lmandi zhyrek деген аккаунтпен тіркелген жігіт өзі түсіндірді. Анасы туған жерде, Қызылордада, қызының қолында тұрады екен. Кейінгі кездері «өлсем, сүйегім қыздың үйінен шыға ма?!» дегенді жиі айта бастапты.

«Үлкен әпкем жанын салып бағып-қағып отырса да, қыздың қолында қалдым деп мазасы кете бастады. Бұрынғының адамдары ғой, қазақта ата-ананың сүйегі қара шаңырақтан, ұлдың қолынан шығуы керек дегенді ұстанғаны. Отбасымыз аман, бақытты едік. Осыдан төрт ай бұрын екі ағам

Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылы бойымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Палладин көшесіне дейін.

№458 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Кассин көшесі, 51. «№49 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Сейфуллин даңғылынан (№83 үй) Никольская көшесінің бойымен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Егоров көшесіне дейін; Егоров көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Кипренский көшесіне дейін, ары қарай саймен оңтүстікке қарай Айбасов және Дулатов көшесін қосқанда; Дулатов көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Никольская көшесіне дейін.

№459 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Таласская көшесі, 1. Жоғары медициналық колледжі «Аяхан» білім беру мекемесі. Шекарасы: Жұмабаев көшесімен Жансүгіров көшесімен Дулатов көшесіне дейін; Дулатов көшесі бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Котельников көшесіне дейін; Котельников көшесімен батысқа қарай (солтүстік жағы) Жансүгіров көшесіне дейін; Жансүгіров көшесімен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Жұмабаев көшесіне дейін.

№460 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 207. «№162 С.Байжанов атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Сүйінбай даңғылы мен Громов көшесінің қиылысынан оңтүстік-шығысқа қарай Потанин көшесіне дейін; Потанин көшесі бойынша (екі жағы) оңтүстікке қарай Я.Купала көшесіне дейін; Я.Купала көшесі бойымен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Герцен көшесінің қиылысына дейін; Герцен көшесі бойынша (екі жағы) Кожедуб көшесіне дейін; Кожедуб көшесі бойымен батысқа қарай Нұр Әлем көшесіне дейін; Нұр Әлем көшесі бойымен оңтүстікке қарай Шаумян көшесіндегі үйлерді қоса алғанда; Шаумян көшесі бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Цимлянский көшесіне дейін; Цимлянский көшесі бойымен оңтүстікке қарай (екі жағы) Арал көшесімен қиылысқан жеріне дейін. Арал көшесі бойымен (солтүстік жағы) Батысқа қарай Сүйінбай даңғылының қиылысына дейін; Сүйінбай даңғылының бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Громов көшесінің қиылысына дейін.

№461 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Герцен көшесі, 154. «№20 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Рысқұлов даңғылынан Сүйінбай даңғылы бойымен солтүстікке қарай (екі жағы), темір жол өткеліндегі үйлерді қосқанда Арал көшесіне дейін; Арал көшесінен (екі жағы) батысқа қарай Якубов көшесінің қиылысына дейін; Якубов көшесі бойымен солтүстікке қарай (екі жағы) Шаумян көшесіне дейін; Шаумян көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Герцен көшесіне дейін; Герцен көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (Рысқұлов даңғылымен қиылысқанға дейінгі үйлерді қоспағанда), Рысқұлов даңғылы бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Сүйінбай даңғылының қиылысына дейін.

№462 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шемякин көшесі, 131. «№1 Алматы педагогикалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Шекарасы: Рысқұлов даңғылынан Шемякин көшесімен солтүстікке (шығыс жағы) Гүлсары көшесіне дейін; Гүлсары көшесімен (оңтүстік жағы) шығысқа қарай Айтқызов көшесі, №55 үйге дейін; Айтқызов көшесі, №55 үйдің батыс жағымен солтүстікке қарай Шуақты шағынауданының Саялы көшесіне дейін; Шуақты шағынауданының Саялы көшесімен шығысқа қарай Карасу-6 өзенінің арнасына дейін; Карасу-6 өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзені арнасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Шемякина көшесінің қиылысына дейін.

№463 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ғете көшесі, 177. «№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Я.Купала көшесінен батысқа қарай Герцен көшесіне дейін; Герцен көшесінің бойымен (екі жағы) солтүстікке қарай Енисей көшесіне дейін; Енисей көшесі бойымен (оңтүстік жағы) шығысқа қарай Федосеев көшесіне дейін; Федосеев көшесі бойымен (батыс жағы) №2 үйге дейін; №2 үй учаскесінің оңтүстік шекарасы бойымен әрі қарай Федосеев көшесімен Кіші Алматы өзені жағалауы бойымен оңтүстікке қарай Баймағамбетов көшесі №28 үйге дейін. Баймағамбетов көшесі бойымен оңтүстікке қарай Айтқызов көшесіне дейін; Айтқызов көшесімен Гүлсары көшесіне дейін, әрі қарай батысқа Шемякин көшесіне дейін; Шемякин көшесі бойымен солтүстікке қарай Я.Купала көшесіне дейін.

№464 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Папанин көшесі, 220. «№19 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. Шекарасы: Сүйінбай даңғылынан Хмельницкий көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) шығысқа қарай Майлин көшесіне дейін; Майлин көшесінің бойымен солтүстік-шығысқа қарай Монтажная көшесіне дейін; Монтажная көшесінің бойымен шығысқа қарай аты жоқ көше бойымен (оңтүстік жағы) Кинологиялық орталығы учаскесінің төменгі шекарасы бойымен қала (аудан) шекарасына дейін; Қала шекарасының бойымен оңтүстік-батысқа қарай Жас қанат шағынауданды қосқанда Баймағамбетов көшесі, №114 үйге дейін (қосқанда) №114 үйден Федосеев көшесі, №2 үйге дейін, Федосеев көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Енисей көшесіне дейін; Енисей көшесінің бойымен (солтүстік жағы) Потанин көшесіне дейін; Потанин көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Громов көшесіне дейін; Громов көшесі бойымен (солтүстік жағы) Сүйінбай даңғылына дейін; Сүйінбай даңғылы бойымен Хмельницкий көшесіне дейін.

№465 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ақан сері көшесі, 150. «№74 С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Рысқұлов даңғылынан Сейфуллин даңғылының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Ақан сері көшесіне дейін; Ақан сері көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Баум тоғайының шекарасына дейін; Баум тоғайынан оңтүстікке қарай (батыс жағы) Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін.

№466 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ақан сері көшесі, 150. «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін №74 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Котельников көшесінен Сейфуллин даңғылының бойымен (№170 Б үй) солтүстікке қарай Айбасов көшесіне дейін, Айбасов көшесінің бойымен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Бехтерев көшесіне дейін; Бехтерев көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Дулатов көшесіне дейін; Дулатов көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Дальневосточный көшесіне дейін; Дальневосточный көшесінің бойымен (оңтүстікке жағы) Баум тоғайының шекарасына дейін; Баум тоғайының шекарасының бойымен оң-

түстікке қарай (батыс жағы) Котельников көшесіне дейін; Котельников көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Сейфуллин даңғылына дейін.

№467 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 59. Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығы (18 жастан асқан). Шекарасы: Дулатов көшесінен, №35 үйден батысқа қарай Сейфуллин даңғылына дейін (№106 үй), Сейфуллин даңғылының бойымен оңтүстікке қарай; Сейфуллин даңғылы №52 үйден Ровенский көшесімен қиылысқан жеріне дейін; Ровенский көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Бехтерев көшесіне дейін; Бехтерев көшесінің бойымен оңтүстікке қарай №2, 4, 6, 8 үйлерді қосқанда (шығыс жағы) Жұмабаев көшесіне дейін; Жұмабаев көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) батысқа қарай Ақан сері көшесіне дейін; Ақан Сері көшесінің бойымен (шығыс жағы) оңтүстікке қарай Айбасов көшесіне дейін; Айбасов көшесінің бойымен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Дулатов көшесінің қиылысына дейін.

№468 сайлау учаскесі

Орталығы: Аламты қаласы, Стахановская көшесі, 23. «№71 лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: С.Разин көшесінен оңтүстікке қарай Станкевич көшесі бойымен (шығыс жағы) Қарағанды көшесіне дейін; Қарағанды көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) Ақан сері көшесіне дейін (шығыс жағы) оңтүстікке қарай (№№81-135 үйлерді және Айбасов көшесі, №4 үйді қосқанда) Дулатов көшесіне дейін; Дулатов көшесінің бойымен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Международный көшесіне дейін; Международный көшесінің бойымен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Шымкент көшесіне дейін; Шымкент көшесінің бойымен (батыс жағы) солтүстікке қарай Дальневосточный көшесіне дейін; Дальневосточный көшесінің бойымен (солтүстік жағы) шығысқа қарай Мойка өзеніне дейін; Мойка өзенінің батыс жағалауының бойымен солтүстікке қарай Стаханов көшесіне дейін; Стаханов көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) батысқа қарай Байкал көшесіне дейін; Байкал көшесінің бойымен (екі жағы) солтүстікке қарай С.Разин көшесіне дейін; С.Разин көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) батысқа қарай Станкевич көшесіне дейін.

№469 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Л.Толстой көшесі, 20. «№61 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Сейфуллин даңғылынан Аймауытов көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) шығысқа қарай Ғанибет көшесіне дейін; Ғанибет көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Майборода көшесіне дейін; Майборода көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) шығысқа қарай Байкал көшесіне дейін; Байкал көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Чкалов көшесіне дейін; Чкалов көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Шымкент көшесіне дейін; Шымкент көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Разин көшесіне дейін; Разин көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Станкевич көшесіне дейін; Станкевич көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Қарағанды көшесіне дейін; Қарағанды көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Ақан сері көшесіне дейін; Ақан сері көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай (№81 және №83 үйлерді қоспағанда) Жұмабаев көшесіне дейін; Жұмабаев көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Бехтерев көшесіне дейін; Бехтерев көшесінің бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Буденный көшесіне дейін, барлық үйлер қосылды; Буденный көшесінен ЖМБ (жанармай құятын бекет) арқылы Сейфуллин даңғылына; Сейфуллин даңғылының бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Аймауытов көшесіне дейін.

№470 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Папанин көшесі, 220. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 Қалалық клиникалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

№471 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ақан сері көшесі, 36. «№8 қалалық клиникалық аурухана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

№472 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Александров көшесі, 11. «№107 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Рысқұлов даңғылынан Жансүгіров көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Артиллерийский көшесіне дейін; Артиллерийский көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Жансүгіров көшесіне дейін.

№473 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Фучик көшесі, 44. «№106 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Артиллерийский көшесінен Жансүгіров көшесінің бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Вагжанов көшесіне дейін; Вагжанов көшесінің бойымен (оңтүстік жағы) шығысқа қарай Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Артиллерийский көшесіне дейін; Артиллерийский көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Жансүгіров көшесіне дейін.

№474 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 188А. «№145 сөйлеу тілінде күрделі буылыстар бар балаларға арналған арнайы бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Вагжанов көшесінен (№5, 9, 11, 13, 19 А, 19, 25 үйлер) Жансүгіров көшесінің бойымен (шығыс жағы) солтүстікке қарай Котельников көшесіне дейін; Котельников көшесінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кассин көшесіне дейін; Кассин көшесінің бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Ақан сері көшесіне дейін; Ақан сері көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Сейфуллин даңғылына дейін; Сейфуллин даңғылының бойымен (батыс жағы) оңтүстікке қарай Вагжанов көшесіне дейін; Вагжанов көшесінің бойымен (солтүстік жағы) батысқа қарай Жансүгіров көшесіне дейін.

№475 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Станкевич көшесі, 6. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 Перзентхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

№476 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Спасская көшесі, 67. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің Қарасай ауданы бойынша Шекара басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі.

№477 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Герцен көшесі, 154. «№20 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Я.Купала көшесі мен Шемякин көшесінің қиылысынан оңтүстікке қарай (батыс жағы) Рысқұлов даңғылының қиылысына дейін; Рысқұлов даңғылының бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Герцен көшесіне дейін (екі жағы); Герцен көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс

жағы) Я.Купала көшесіне дейін; Я.Купала көшесінің бойымен шығысқа қарай Шемякин көшесіне дейін.

№478 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жұлдыз-1 шағынауданы, 20. «№142 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Дөнентаев көшесі, №2Ж, 85, 8Г, 10А, 12А, 12В, 14А, 16А, 18А, 18Б, 20А, 20, 22А, 22, 24, 26, 31 үйлер; Жұлдыз-2 шағынауданы, №№28, 29, 30, 30А, 31, 32, 33, 34, 35, 39А, 39Б, 39В, 39Г үйлер.

№479 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 73. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№72 мекеме» Республикалық мемлекеттік мекемесі.

№480 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 505. «№32 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: 13 әскери қалашық, №№4, 5, 14, 20, 20А, 20Б, 51, 52, 53 үйлер, 16 әскери қалашық, №№292, 292А, 292Б, 292В, 292Г, 292Д, 292Е, 292Ж, 292З, 292И, 292М, 292Н, 292П, 292/1, 292/2, 292/3, 292/4 үйлер және Красногорск көшесіндегі №171 үйді қоса алғанда (2 жатақхана).

№481 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 2. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталі» Республикалық мемлекеттік мекемесі.

№521 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Әлмерек шағынауданы, Шортанбай жырау көшесі, 72/2. «№195 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Закарпат көшесінің бойымен батысқа қарай аудан шекарасына дейін, аудан шекарасынан солтүстікке қарай Бейбітшілік көшесіне дейін; Бейбітшілік көшесінің бойымен солтүстікке қарай сүт-тауар фермасына дейін; Сүт-тауар фермасынан оңтүстік-шығысқа қарай егістікке дейін (Астана көшесі), Астана көшесінің бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Шертер көшесімен қиылысқанға дейін; Шертер көшесінің бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Новий-1 көшесіне дейін; Новий-1 көшесінен оңтүстікке қарай Закарпат көшесіне дейін.

№522 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жас қанат шағынауданы, 54/2.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «№28 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Шекарасы: Рысқұлов даңғылынан батысқа қарай Қайрат шағынауданының Сарыарқа көшесі мен «Парасат» тұрғын кешеніндегі №1/1 үйдің қилысына дейін, одан әрі Кіші Алматы өзені бойымен солтүстікке қарай Ақжамал көшесі №12 үйге дейін, шығысқа қарай Жаяу Муса көшесі №137 үйге дейін, одан әрі оңтүстікке қарай Рысқұлов даңғылына дейін.

№523 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Нұршашқан шағын ауданы, Досбол би көшесі, 31. «№203 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Кіші Алматы өзенінің шығыс жағалуынан солтүстік-шығысқа қарай Талғар ауданының шекарасына дейін (Набережная көшесінен Полевая көшесіне дейін) – Құлжатас жолы; Құлжатас жолының бойымен солтүстік-батысқа қарай Бұқтырма көшесіне дейін; Бұқтырма көшесінің бойымен солтүстік-шығысқа қарай Кіші Алматы өзеніне дейін.

№551 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жас қанат шағынауданы, Баймағамбетов көшесі, 129. «№198 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Жас қанат шағынауданынан №1/74 үйден батысқа қарай №533/1 үйге дейін, одан әрі солтүстікке қарай №498 үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай Жас қанат шағынауданындағы көп қабатты үйлерді қоса алғанда.

№552 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жас қанат шағынауданы, Баймағамбетов көшесі, 215. «№147 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Шекарасы: «Жас қанат» шағынауданының көп пәтерлік секторы, үйлер №1/12, 1/13, 1/14, 1/15, 1/16, 1/17, 1/18, 1/19, 1/20, 1/21, 1/22, 1/23, 1/24 (20 үйлер) Баймағамбетов көшісінің жеке секторын қоса алғанда.

№553 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Поддубный көшесі, 155. «№89 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Шекарасы: Топчиев көшесіндегі №63 үйден Маяк тұрғын үй массивінің батыс жағы бойынша Аэропорт өзені бойымен Бұқтырма көшесіне дейін, Бұқтырма көшесінің бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Авиатор сая-жай қонысының жеке-меншік үйлерін қосқанда, Бұқтырма көшесінен оңтүстікке қарай Топчиев көшесіндегі №63 үйге дейін.

№594 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Дегдар көшесі, 10/2. «И.Жекенова атындағы Қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы.

№595 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жас қанат шағынауданы, 129. «№198 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Баймағамбетов көшесінен №140 үйден Карасу өзені бойымен солтүстікке қарай Баймағамбетов көшесі №533/1 үйге дейін, одан әрі шығысқа қарай Кіші Алматы өзеніне дейін Жас қанат шағынауданының №1/33-1/50 және №1/76 көп қабатты үйлерін қоса алғанда.

№605 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жас қанат шағынауданы, 129 үй. «№198 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Шуақты шағынауданының Саялы көшесінен Карасу-6 өзенінің арнасы бойымен солтүстікке (батыс жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзенінің арнасы бойымен солтүстікке қарай (батыс жағы) Баймағамбетов көшесіне дейін; Баймағамбетов көшесінен Жас қанат шағынауданының №1/11, 1/10, 1/9 үйлерінің солтүстік шекарасы бойымен батысқа қарай (оңтүстік жағы) Карасу-7 өзенінің арнасына дейін; Карасу-7 өзенінің арнасы бойымен-7 оңтүстікке (шығыс жағы) Баймағамбетов көшесінің №68 үйіне дейін; Баймағамбетов көшесінің №68, 68Б, 61А, 57 үйлерінің солтүстік шекарасы бойымен Карасу көліне дейін; Карасу көлінің бойымен оңтүстікке қарай (шығыс жағы) Шуақты шағынауданының Саялы көшесіне дейін; Шуақты шағынауданының Саялы көшесімен шығысқа қарай (солтүстік жағы) Карасу-6 өзенінің арнасына дейін.

№606 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жас қанат шағынауданы, 129А.



alatauaqparat@gmail.com

</



ШЕБЕРЛІК ШЕКАРА ТАЛҒАМАЙДЫ

Алматы технологиялық колледжі халықаралық педагогикалық тәжірибе алмасу алаңына айналды

Алматы технологиялық колледжінің базасында өткен III Халықаралық «ТМД елдерінің кәсіптік білім беру педагогтері» атты педагогикалық шеберлік байқауы ТМД мен Орталық Азия елдеріндегі педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, озық педагогикалық тәжірибені ықпалдастыруға бағытталған тиімді алаң ретінде өзінің маңыздылығын тағы да дәлелдеді.

Өткізіліп отырған байқау шығармашыл, дарынды педагогтерді анықтау және қолдауға бағытталып отыр. Мәселен, аталмыш байқау алғашқы жылы қаланың оқу орындары арасында ғана өтсе, келе-келе өзге мемлекеттер де қатысуға ниет білдіре бастайды. Бұл жолы байқауға Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан сынды мемлекеттердің кәсіптік лицейлері мен колледждерінің педагогтері қатысты. Сонымен қатар, алғашқы жылы тек екі

бағытты ғана қамтыған байқаудың аясы кеңейіп, бұл жолы қатысушылар бес бағыт бойынша бақ сынады. Енді «Аспаз», «Кондитер» бағыттарына «Даяшы», «Бармен-бариста», «Қонақүй қызметкері» (Housekeeper) қосылды.

Байқауға қатысушы Алматы технологиялық колледжінің өндірістік оқыту шебері Назгүл Құрманғазы кондитер құзыреттілігі бойынша бақ сынап, шоколадты, майлы бисквит әзірледі.



Сонымен, III Халықаралық педагогикалық шеберлік байқауының қорытындысы да белгілі болды. ТМД елдерінің педагогтері арасында жүлделі орындар Қазақстан, Ресей және Қырғыз Республикасының қатысушылары арасында бөлінді. Мәселен, «Аспаздық» бағыты бойынша Ресейдің Ленин-Кузнецк политехникалық колледжінің педагогы И.В.Моисеева, ал қазақстандық Дильназ Тұрғанова үздік «Кондитер» атанды. «Қонақүй және мейрамхана ісі»

бойынша да жүлде Қазақстанға бұйырды. Жалпы, қатысушылар конкурстың теориялық және практикалық бөліктерінде кәсіби даярлығының жоғары деңгейін көрсетті.

Байқау сервис және тамақтану индустриясы мамандарын даярлау саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасудың маңыздылығын тағы да дәлелдей түсті.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 12 ақпандағы
№1/1-193 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 30 қазандағы № 28.1-28.04/773-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Емдеу-сауықтыру орталығын салу үшін, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қалқаман» шағынауданы 4В, 4/9, 4/10 учаскелерінде орналасқан 3 (үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 12 ақпандағы
№1/1-193 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Asam Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-003-677	«Қалқаман» шағынауданы, 4В учаске	1,3952
2.	«Asam Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-003-678	«Қалқаман» шағынауданы, 4/9 учаске	0,0197
3.	«Asam Holding» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-003-679	«Қалқаман» шағынауданы, 410 учаске	0,0042

ШЕШІМ

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы №1 «Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШІМ:

- Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы «Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» №1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1610 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:
 - көрсетілген шешімнің қосымшасына:
 - №123, 133, 164, 165, 166, 582 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің №1-қосымшасына сәйкес өзгертілсін;
 - №128, 145, 146 сайлау учаскелерінің орталықтары осы шешімнің №2-қосымшасына сәйкес өзгертілсін.
 - «Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, осы шешімді Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
 - Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
 - Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Әуезов ауданының әкімі

А. Егембердиев

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің
2026 жылғы 10 ақпан №1 шешіміне 1-қосымша

№123 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Сүлейменов көшесі, 16 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№72 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақтөбе көшесі: 1, 2, 4, 5, 6, 7, 7А, 8, 10, 11, 12А, 13, 14, 14А, 15, 16, 17, 17А, 18, 19, 20А, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35А, 35/1, 37, 41; Ақтөбе түйік көшесі: 1/2, 3, 5, 9, 21, 55А, 55/1; Алдаскская көшесі: 1а, 2а, 3, 3А, 4, 5, 5А, 6, 7, 13, 17, 19А; Вишневский түйік көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 21, 23; 2-ші Вишневская көшесі: 20, 24, 44, 48; Навои көшесі: 2А, 26, 2, 4, 6, 8, 10, 10/1, 12, 14, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 30, 32, 36, 36/2, 37, 39, 41А, 41Г, 41, 44, 46, 50, 54, 55, 58, 58/1, 59А, 59В, 59, 60, 61А, 61, 62, 66, 68, 68/1, 68/2, 70, 72А, 72, 76; Чернов көшесі: 1, 2, 3, 5, 5А, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 13 корпус 1, 14, 15, 16, 17, 17А, 18, 19, 20, 21, 21 корпус 1, 22, 23, 24, 25, 25А, 25В, 28, 31, 32, 34, 34А, 35, 36, 37, 38, 40, 41.

№133 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Черепанов көшесі, 14 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Ахмет Байтұрсынов атындағы №139 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақтөбе көшесі: 42, 44, 45, 46, 48, 49, 50, 55, 57, 73, 74, 75, 75А, 75В, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89; Вишневский көшесі: 1/3; 2-ші Вишневская көшесі: 1/1, 1/2, 1/3, 1/35, 3; «Тауғұл-1» шағынауданы: 11, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 52Б; Навои көшесі: 74, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 94А, 96, 98, 100, 102, 104, 108, 110, 112, 114, 116, 116А, 118, 118А, 120, 120А, 122, 122А, 124, 124А, 126, 126А, 128, 128А, 130, 130А, 130Б, 132, 136, 138, 140, 140А; Тоқтабаев көшесі: 7, 9, 11, 13; Түптібаев көшесі: 4; Чернов көшесі: 42А, 43, 44, 45, 46, 48, 55, 56, 62, 67, 70, 73, 75, 77, 79, 81, 81/2, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 90А, 91, 92, 92А, 94, 95, 96, 97, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 112А, 114, 114А, 116, 118, 118А, 120, 122, 122А.

№164 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Жұбанов көшесі, 1 А үй, «Алматы заң колледжі» бюджеттік емес коммерциялық емес мекемесінің ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: «Сайран» шағынауданы: 84А, 114, 116; Өтеген батыр көшесі: 11В, 71А, 82, 82А, 84, 84А, 84Б, 84Г, 86, 88, 90, 92А, 92, 94, 96, 98, 100; Төле би көшесі: 294/64.

№165 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Тастақ-1» шағынауданы, Фуркат көшесі, 26 А үй, Алматы қаласы білім басқармасының «Лияс Жансүгіров атындағы №130 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: Фуркат көшесі: 5, 7, 9, 11, 13, 13/31, 59А, 60, 60А, 61, 62, 63А, 63, 65; «Тастақ-1» шағынауданы: 2, 6А, 6Б, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15А, 15, 17, 18А, 18, 19А, 19, 20А, 20, 21, 24, 26; Вилюйский көшесі: 54, 56, 84, 86, 88А, 88, 90; Ярмұхамедов көшесі: 33, 35, 37, 37А, 39А, 43, 46А, 46, 48, 50, 52, 53А, 54, 55, 56, 57; Райымбек даңғылы: 440, 442А, 442, 452, 454, 456, 456/7, 458, 458А, 460А, 464, 466; Төле би көшесі 281А; Өтеген батыр көшесі: 6, 8, 10, 12, 12А, 14, 16, 18, 20, 22, 24А, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38, 40А, 40, 44, 46, 50, 52; Златоустовская көшесі: 1А, 2А, 3, 3А, 4, 5А, 5, 6А, 6, 7, 7А, 8, 9А, 9, 11, 11А, 11Б, 13А, 15, 17Г, 17Б, 17, 17/2, 17В; Чиколов көшесі: 2А, 2.

№166 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Тастақ-1» шағынауданы, 1 В үй, Алматы қаласы білім басқармасының «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: Фуркат көшесі, 64, 66 үйлер; «Тастақ-1» шағынауданы: 1, 1Б, 18, 1/1, 1/12, 3, 60, 94; Суриков көшесі: 52, 55, 57, 59, 61; Райымбек даңғылы: 348/1 корпус 1, 348/1 корпус 2, 348/1 корпус 3, 348/1 корпус 4, 348/1 корпус 5, 348/1 корпус 6, 348/1 корпус 7, 348 корпус 8, 348 корпус 10; Төле би көшесі, 277.

№582 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 12 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Сайлау учаскесінің шекаралары: Төле би көшесі: 298, 298/1, 298/3, 298/5, 298/6, 298/7; Өтеген батыр көшесі, 11Д корпус 10, 11Д корпус 6, 11Д корпус 7, 11Д корпус 8, 11Д корпус 9, 17Б корпус 1, 17Б корпус 2, 17Б корпус 3, 17Б корпус 4, 17/3, 21.

Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің
2026 жылғы 10 ақпан
№1 шешіміне 2-қосымша

№128 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Ладыгин көшесі, 33 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№4 арнайы мектеп интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

№145 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шепетков көшесі, 11 үй, «Шәмшә Көлбайқызы Беркімбаева атындағы Алматы қыздар мектеп-лицей интернаты» жеке мектебінің ғимараты.

№146 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, Шепетков көшесі, 11 үй, «Шәмшә Көлбайқызы Беркімбаева атындағы Алматы қыздар мектеп-лицей интернаты» жеке мектебінің ғимараты.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



БӘРЕКЕЛДІ!

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Алматыда қанаттанып келеді

Алматы – елдің спорттық астанасы. Мұнда биік армандарға қанат қалқан талай жас жеткіншек болашақтың іргетасын қалап жүр. «Қайрат» футбол клубының балалар академиясы көптеген талантты тәлімгерлерімен мақтана алады. Соның жарқын дәлелі ретінде балалар академиясы U-11 командасы осы аптада Қытайда өткен турнирде топ жарып қайтты. Қоржынына кубок толтырған жас футболшылар Алматыға жеңіспен оралды.

**Досбол
АТАЖАН**

6–10 ақпан аралығында Қытайдың Цзянсу аймағы Куньшань қаласында өткен жарыста 10 команда бақ сынады. Оның ішінде 9 команда Қытайдың әр аймағынан жиналса, Куньшань академиясының арнайы шақыртумен оныншы қатысушы – алматылық балалардың командасы болды.

Жеткіншек футболшыларымыз турнирде қарсыластарын жеңіп, финалға сүрінбей жетті. Шешуші ойында жарысты қабылдаушы қаланың жергілікті командасымен кездесті. Турнир трофейі сарапқа салынған бұл матчта «Қайрат» академиясының тәлімгерлері 2:1 есебімен жеңіске жетіп, чемпион атанды.

Өз командасының жеңіске бастаған ойыншылардың бірі – 10 жастағы Жанұзақ Қазымұрат. Ол турнир бойында бірнеше

мәрте жеңіс голын соғып, айрықша көзге түсті.

– Әр ойын бізге ерекше эмоция сыйлады. Финалға дейін де финалда жеңіс оңай келе салмады. Бір байқағаным, олардың жарыстағы қолданатын тактикасы бізден сәл өзгеше, ұстаздарымыз алғашқы жарыстардан кейін бізге жақсылап түсіндірді, сол бойынша біз жеңіске жетуге барынша күш салдық, – дейді жас футболшы.

Жанұзақтың әкесі Жақсылық Қазымұрат – өзі де футбол жанкүйері. Оның айтуынша, турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылған, әрі жарыстар академия балаларының дамуы мен тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді.

– Қолдау білдіру үшін ата-аналар да бірге барды. Бұл балаларға үлкен тәжірибе болды. Ең бастысы, Сергей Квочкин атындағы балалар академиясында жаттығып жатқан балалардың өсуіне, жетілуіне мүмкіндік берді. Ташкентте, Бішкекте, бас-

қа да түрлі турнирлерде жүлде алып жүр, бірақ Қытайға бірінші рет барды. Сондықтан тәжірибе үшін аса маңызды турнир болды деп ойлаймын. «Қайрат» негізінен еуропалық мәнерде жаттықтырады. Осы сапарда балалар азиялық мәнердегі футболдың үлгісімен танысты, – дейді Жақсылық Қазымұрат.

Сондай-ақ, ол көптеген академиялардың арасында «Қайрат» тәлімгерлерінің арнайы шақырылуы – алматылық команда халықаралық беделінің артқанын көрсететінін айтты.

– Ұсыныс Куньшань академиясынан түсті. Оған «Қайрат» футбол клубының өткен маусымдағы жетістігі себепші болды деп ойлаймын. Чемпиондар лигасына шығуы, Алматыға «Реал Мадридтің» келуі, Дастан Сатпаевтың «Челсиге» ауысуы – осындай факторлар «Қайрат» академиясының шетелдік турнирлерге қатысуына жол ашып жатыр, – дейді «Қайрат» жанкүйері.

Жанұзақ 5 жасынан бері футболмен айналысып келеді. Алғашқы 2 жыл «Қайрат» академиясының Қаскелеңдегі филиалында жаттыққан болса, кейін Сергей Квочкин атындағы балалар академиясына ауысқан. Мұнда шеберлігін шыңдап жатқанына 3 жыл болған. Үлкен арман арқалаған баланың күн тәртібі қатаң белгіленген. Ол аптасына төрт рет академияда бапкері Нұрдәулет Фаруховтың қолында жаттығады. Одан бөлек, аптасына үш рет жеке жаттықтырушы Илья Андреевичтің қолында тәлім алады.


– Қазіргі мақсатымыз – екі жылда өз деңгейін көтеріп, тактикалық, физикалық тұрғыдан нығайтып, «Қайрат» футбол клубының үлкен академиясына түсу, – дейді жас футболшының әкесі.

Ал Жанұзақтың айтуынша, ата-анасы өзінің бұл арманын орындауға барын салып қолдап келеді. Аптасына бірнеше мәрте қала ішіндегі академияға апарып, оның спортпен алаңсыз айналысуына барлық жағдайды жасауға тырысады.

– Футбол – маған ең жақын спорт. Болашақта «Қайрат» футбол клубының үлкен академиясында жаттығып, «Қайраттың» ойыншысы атанғым келеді. Сол арқылы әлемдік ареналарға барып ойын көрсеткім келеді, – дейді Жанұзақ өзінің асқақ армандарымен бөлісіп.

Футболды жанындай жақсы көретін баласының бұл арманына алаңсыз ұмтылуы үшін осы спорттың жанкүйері болған ата-анасы барын салып қолдау көрсетіп келе жатқан көрінеді. Қаламыздың сүйікті командасы «Қайрат» футбол клубының академиясында осындай талапты жеткіншектер қазақ футболының болашағының жарқын екенін көрсеткендей. Жас футболшыларымызды бұл жетістігімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарында сәттілік тілейміз!

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

**цифрлы дәуірге
қадам басты**

Алматы қаласында ұлттық спорт пен білім беру технологияларын ұштастырып, дамытуға бағытталған іс-шара өтті. Тоғызқұмалақ бойынша Қам-қоршылық кеңесінің отырысы аясында Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында бірегей жарыс ұйымдастырылды. Оған дарынды жас ойыншылар, олардың жаттықтырушылары, алгоритм әзірлеушілер, жетекші спорт және IT саласының сарапшылары қатысты.

Ұлттық ойын ағаш тақтада емес, компьютерде жасанды интеллектке қарсы ойналды. Оқушылар тоғызқұмалақты жетік меңгерген ЖИ-мен интеллектуалдық таласқа түсіп, ойын шеберлігін шыңдады.

– Біз тоғызқұмалақ ойынын дамыту үшін жүйе жасадық. Ол арқылы оқушыларымыз жасанды интеллектке қарсы не бір-бірімен тоғызқұмалақты онлайн ойнай алады. Қазір ЖИ біліктілігі – тоғызқұмалақ бойынша чемпиондар деңгейіне тең. Біз оны күнде жетілдіріп, жаңа нәтижелер алып жатырмыз. Жүйедегі ойын барысында классикалық чемпионат режимі және аналитика режимі бар. Аналитика режимінде жасанды интеллект оқушылармен ойнай отырып, оларға сараптама жасап, қадамдары бойынша ақыл-кеңес береді және қателіктеріне көрсетеді. Біздің мақсатымыз – болашақта осыны бүкіл Қазақстанға, бүкіл әлемге тарату. Біз қазір жобаны халықаралық конференцияда таныстыруға дайындалып жатырмыз, – деді әзірлеуші-инженер Нұрлыхан Қалжанов.

Сонымен қатар, бағдарлама аясында Алматы қаласында тоғызқұмалақты дамыту жоспарларын стратегиялық талқылау, ірі турнирлер күнтізбесін қалыптастыру және жастарға арналған жаңа жобаларды таныстыру мәселелері талқыланды.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

